# SARYARQA

30 sáýir
2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№16 (8228)



AINA — ЖҰМЫС САПАСЫНА МӘН БЕРДІ — 2-бет

ÁLEÝMET — АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ІСКЕ АСАДЫ — 4-бет

AISHYQ — ӨЗІНДІК ІЗ ҚАЛДЫРҒАН — 5-бет

RÝHANIAT — ҰЛТТЫҚ ШАПАН – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ — 6-бет


1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:*

## БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАРАУ ҮШІН ӨТКЕНДІ ҰМЫТПАУ КЕРЕК



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

***Сәрсенбі күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясы өтті.***

– Еліміз әлеуметтік-экономикалық дамуда, халықтың әл-ауқатының артуында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Нарықтық экономика басынан бастап құрылды. Түбегейлі реформалар табысты жүргізілді. Бұл соңғы 30 жылда өсіп-өнген жас ұрпақтың есінде болмауы мүмкін. Дегенмен біздің есімізде. Өткенді біліп, болашаққа нық қарау үшін осы нәрсені жастарға айтып, қайталап отыру – біздің міндетіміз. Осының арқасында Қазақстан қазір әлемде бәсекеге қабілетті 50 елдің және орташа табысы жоғары елдер қатарына қосылып отыр. Тәуелсіздік жылдары халықтың жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім деңгейі 13 есе көтерілді. Бұл – біздің ортақ жұмысымыздың жемісі. 1991-1992 жылдары Кеңес өкіметі құлағаннан кейін елімізде 1500 өндірістің тоқтап қалғаны есімде. Жұмыссыз қалғандар саны 2 млнға жетті. Халқымыздың 47,5 пайызы кедейлік шегінен төмен өмір сүрді. Бүгін осы көрсеткіш – 10 пайыз. Жұмыссыздық 3 есе төмендеді. Осы уақыт аралығында халық саны 2,5 млн адамға артты, – деді Н.Назарбаев.

Отырысқа сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Күн тәртібі «Бірліктің, бейбітшілік пен келісімнің 30 жылы» тақырыбына арналған.

Сессия жұмысына онлайн форматта 550-ден астам адам қатысты. Олардың қатарында барлық өңірлерден келген Ассамблея мүшелері, республикалық және өңірлік этномәдени бірлестіктердің төрағалары, Парламент депутаттары, орталық атқарушы органдардың, саяси партиялардың, діни бірлестіктердің басшылары, ҮЕҰ, ғылыми, шығармашылық зиялы қауым және БАҚ өкілдері бар.

►►*2-бетте*

*Құрметті жезқазғандықтар, қала қонақтары!*

1 мамырда қазақстандықтар жарқын да ізгі мейрамдардың бірі – Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Бұл 150-ден астам этнос өкілдері бас қосқан үлкен қазақстандық отбасын дамыту үшін аса қажет достықты, түсіністік пен келісімді ұлықтайтын мереке. Әрқайсысы бірегей ұлттар мен ұлыстар біртұтас Қазақстан қоғамның өркендеуіне қайталанбас ерекше үлес қосуда.

Осы игі үрдістің жарқын үлгісі адал достықты, шынайы қамқорлықты ерекше жоғары бағалайтын жезқазғандықтар болып табылады десем артық айтпаймын. Мұны жерлестеріміз барлық істерінде, сонымен қатар бүгінгі барша әлем елдерімен бірге коронавирус пандемиясымен күресіп жатқан күрделі жағдайда да бір-біріне қол ұшын беріп дәлелдеуде.

Жарқын мерекеде этномәдени бірлестіктерге, ардагерлер мен жастар ұйымдарына, белсенділерге қала өміріндегі азаматтық қадамдарды дамытуға және бекітуге, адамдарды өзара рухани-мәдени байытуға, әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды іске асыруға бағытталған риясыз бастамалары үшін алғысымызды білдіреміз. Біз тек жасампаздыққа бағытталған бірліктің арқасында ғана күнделікті игілікті істеріміз бен болашақ жоспарларымызды жүзеге асыра аламыз.

***Қымбатты жерлестер, құрметті қала қонақтары!***

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әр отбасына денсаулық, құт - береке, шығармашылық табыстар тілеймін. Әрдайым бейбіт аспан астында рухани гүлдене беруіне тілектеспін. Еліміздің, қаламыздың жарқын болашағы әр азаматымыздың бақытты болуына байланысты.

***Мереке құтты болсын!***

**Қала әкімі** **Қайрат ӘБСАТТАРОВ**

## БІРЛІК – БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ

***«Біз өзіміздің жатсынбас тұрпатымызбен, этносаралық, конфессияаралық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге танымалмыз»***

**Н.Назарбаев**

Егемендік алған жылдардан бергі 30 жыл ішінде еліміз талай-талай биік белестерді, асқаралы асуларды бағындырды. Бабаларымыз аманаттап қалдырған кең даламыз, қаншама жер асты, жер үсті байлығымыз, ана тіліміз, асыл дініміз, тұғырлы Тәуелсіздігіміз – міне осының барлығы қазақ халқының басына бақ болып дарыған, көп жұртқа бұйыра бермеген бақыт.

Қазақстан қазір өзіндік саяси және экономикалық жүйесі бар, көптеген әлем елдері мойындаған егеменді, Тәуелсіз мемлекетке айналды. Орда бұзар үш ондықта еліміз жер кіндігі Сарыарқа төсінен жаңа астана салды. Әлемдік маңызы бар конференциялар мен көрмелер, түрлі мәдени шаралар ұйымдастырды. Түрлі ел экономикасы үшін аса маңызды ұйымдарға мүше болды, олардың кейбіріне төрағалық етіп те үлгерді. Төл валютасын айналымға енгізді. Жер асты минералдарын экспортқа шығарды. Кен бұлағын ағызып, әлемдік маңызы бар өнімдердің шығуына себепкер болды. Туризм саласына жыл сайын жан бітіп келеді. Айта берсек, мақтанышпен сөз етер біршама ауқымды жұмыстар атқарылғаны жасырын емес. Оны өзге мемлекеттер де мойындайды. Тәуелсіздік жағдайдағы сол жылдардың маңызды жетістігі ол, алдымен – Қазақстан Республикасы өзін бүкіл әлемге егеменді ел ретінде мойындатып, көпұлтты мемлекетімізді халықаралық аренаға шығаруы.

Дамыған, өркениетті қоғам құру, құқықтық мемлекет пен толыққанды азаматтық қоғам қалыптастыру қай елде болмасын, сол мемлекетте ұлттар мен халықтардың татулығынсыз мүмкін емес. Дүние жүзінде тек бір ұлттан ғана құралған мемлекеттер бірен-саран ғана. Тәуелсіз елдердің басым көпшілігі әр түрлі ұлттардың бірігуінен құралып отыр. Әрине, елдің өз азаматтарына жасаған жағдайы қолайлы болғанда ғана халық саны артып, ұлттар саны да молая түсетіні ақиқат. Дегенмен, бұл заңды процесс болып көрінгенімен, кейбір жағдайларда әр түрлі халықтың бір ту астында өмір сүруі ұлтаралық шиеленістің күшеюіне, кейде тіпті қан-төгіске, ашық даужанжалдарға да алып келіп ұрындырып та жатады.

►►*3-бетте*

КӨРМЕ

## ҰЛЫ АКТЕРГЕ АРНАЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

***Ел ордамыз Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҚазКСР Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері, қазақ кәсіби театр өнерінің іргетасын қалаушылардың бірі, актер Серәлі (Серке) Қожамқұловтың 125 жылдығына арналған «Қазақ сахнасының ірі тұлғасы» атты көрме салтанатты түрде ашылды. Серке театрының ұйымдастыруымен ашылған көрмеге ҚР Ұлттық музейі мен ұзақ жыл С.Қожамқұлов еңбек еткен М.Әуезов атындағы қазақ Ұлттық драма театры қолдау көрсетіп, көрменің өз мәнінде өтуіне зор үлес қосты.***

Ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі Серке Қожамқұловтың бейнесін халық жадында қайта жаңғырту, театр тарланының шығармашылық өмір жолын өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында ұйымдастырылған көрменің ашылу салтанатында ҚР Ұлттық музейі директорының орынбасары Назгүл Кадримбетова құттықтау сөз сөйлеп, көрме жұмысына сәттілік тіледі.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов, ҚР халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаев өз сөздерінде қазақ өнерінің қайнар бастауында тұрып, оның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлға Серке Қожамқұловтың өнегелі өмір жолы мен өлмес өнері жайлы баяндап, сахна саңлағының жарқын бейнесі, өнерге қосқан айрықша еңбегі халық жүрегінде мәңгі сақталатыны жайлы ойларын ортаға салды.

Көрмеге арнайы келген Серке Қожамқұловтың қызы Мәриям Серәліқызы әкесі жайлы естеліктермен бөлісті. Ұрпаққа ұлағат сыйлар осынау маңызды шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өтуіне белсенділік көрсеткен ҚР Ұлттық музейінің директоры Арыстанбек Мұхамедиұлына, Қарағанды облысы әкімдігі мен С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының ұжымына шынайы көңілден ақжарма алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

Көрменің ашылу салтанатына Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің мемлекеттік академиялық филармониясының бас директоры Ерлан Дакенов, орынбасары Олжас Сыдықбек, Қ.Куанышбаев театры мен Жастар театрының басшылары Ернар Жұматаев пен Әділ Ахметов және басқа да белгілі қоғам қайраткерлері қатысты.

Көрме жұмысы екі аптаға созылады. Осы уақыт ішінде келем деушілер тума талант, қазақ өнерінің дамып, өркендеп, өсуіне зор үлес қосқан дара дарын Серке Қожамқұловтың сахна мен кинода ойнаған рөлдері жайлы фотосуреттер, құнды құжаттар мен жеке жәдігерлерімен таныса алады. Бұдан соң көрме актердің туған күні қарсаңында сахна саңлағының алпыс жылдан астам уақыт еңбек еткен Алматыдағы М.Әуезов атындағы Ұлттық драма театрында жалғасын табатын болады.

**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**театрдың әдебиет бөлімі меңгерушісі**

МЕМОРАНДУМ

## ҮШЖАҚТЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров 2021-2023 жылдарға арналған жергілікті атқарушы билік органдары, кәсіподақ бірлестіктері, кәсіпкерлер қауымдастықтары мен жұмыс берушілер арасындағы кезекті үшжақты келісімге қол қойды.***

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйла Әлкебаеваның жүргізуімен өткен қол қою рәсіміне «Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Қоңырбаев, «Жезқазған аймағы кәсіпкерлерінің және өнеркәсіпшілерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар мен кәсіпкерлер бірлестігінің жетекшісі Думан Жаманов, «Тау-кен металлургия кәсіпорындары және сабақтасты өндіріс жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ерболат Сатыбалдин қатысты. Олар Қайрат Бектайұлымен бірге экономиканы жақсарту және дамыту, халықты жұмыспен қамту, халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, лайықты жағдайлар мен еңбекке ақы төлеу мәселелерін қозғайтын келісімге қол қойды.

Үшжақты келісім жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің еңбек өнімділігін арттыру бойынша ортақ жауапкершілігін күшейтуге, жұмыскерлердің денсаулығын сақтауға және сауықтыруға, өркениетті әлеуметтік бағдарланған әріптестік қатынастарды қалыптастыруға, тұрақты жұмысты, жалақыны, ертеңгі күнге деген сенімділікті және қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге қызмет етпек.

**Өз тілшіміз**

COVID-19

## QAZVAC – ӘЛЕМДІК ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ҚУАТТЫ ҚАРУ

***Қазақстандық QAZVAC вакцинасын клиникалық зерттеудің I-II фазасының нәтижелері бойынша есептер және III фазасының аралық есебі жарияланды. Аталған есептер отандық вакцинаның қауіпсіздігін растайды. Өткен аптада отандық вакцинаның алғашқы 50 мың дозасы «СҚ-Фармацияның» хабтарына таратылып, одан әрі еліміздің барлық өңірлеріндегі денсаулық сақтау басқармаларының қоймаларына жеткізілетіні хабарланды. 26 сәуірде халықты QazVac вакцинасымен вакцинациялау басталды. Мамыр айында тағы 50 мың доза көлеміндегі вакцинаның кезекті партиясын шығару жоспарлануда. Бұдан әрі вакцина өндірісі кезең-кезеңмен айына 500-600 мың дозаға дейін ұлғайтылатын болады. Осы орайда отандық вакцинаға қатысты бірқатар маңызды деректерді назарларыңызға ұсынамыз.***

### QAZVAC ПА, QAZCOVID-IN БЕ?

Отандық вакцина Жамбыл облысы амағында орналасқан Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтында әзірленді. QazVac вакцинасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тізіліміне енгізілген. Оның толық қауіпсіздігі дәлелденді, вакцина коронавирус инфекциясына қарсы тұрақты иммунитетті қалыптастырады. Белсенділігі жойылған вакцинаның артықшылығы, ол вакцинамен байланысты ауруларды тудырмайды. Бұдан басқа, QazVac вакцинасын жеткізу әдістері күрделі тоңазытқыш қондырғыларын талап етпейді, олар тоңазытқышта плюс 2-8 градус температурада тасымалданады. Енді отандық вакцинаның атауына келсек.

Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закария коронавирусқа қарсы қазақстандық вакцинаның атауына қатысты түсініктеме берді. Айта кетсек, бұған дейін сатылымға шығарылатын қазақстандық вакцина QazVac деп аталатындығы хабарланған болатын.

Өзге елдерде шығарылатын вакциналардың атауларын алып қарайық. Мәселен, «Спутник V» вакцинасы – бұл вакцинаның сауда атауы. Оның нағыз ғылыми атауы «Гам-КОВИД-Вак» деп аталады. Бұл атаулар ешкімде де сұрақ туындатпайды. Тағы да түсіндіріп өтейін қазақстандық вакцинаның ғылыми атауы – QazCovid-in. Ал вакцинаның сауда атауы – QazVac, – деді Күнсұлу Закария Жамбыл облысындағы Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының алаңында ұйымдастырылған баспасөз туры барысында.

►►*8-бетте*

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## «ЖЕЗКИІК» АЛАҢЫ ИЕСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

***Қалалық мәслихат депутаты, журналист әріптесіміз Мақпал Орынбетованың жақында әлеуметтік желіде жариялаған «Желге ұшқан қаржы» деген дабылы жұртшылық арасында қызу талқыға түсуде. Онда кезінде қыруар қаржыға жасалған Халықаралық «Жезкиік» этнофестивалі өткізілген Кеңгір жағалауындағы сахна алаңының иесіздікке ұшырағаны туралы айтылыпты.***

Иә, 2018 жылы бұл жерде «Жезкиік» аталған классикалық музыка фестивалінің өтуі аймақтағы үлкен оқиға болғанын ел біледі. Осы шараға арнайы жабдықталған алаң сол кездегі облыс әкімінің тікелей қолдауымен жүзеге асқан болатын. Бұл жағдай, Халықаралық дүбірлі фестиваль өткен су айдыны жағалауындағы дала сахнасының іске қосылуы қаламыздың мәдени іс-шараларына қолайлы орын болғанына тілек қосып, осыдан үш жыл бұрын «Saryarqa» газетіне жазған мақаламызды еске түсірді. Сол жолы біз осы рухани орынға бір лайықты атау берілсе деген мәселені де көтерген едік. Алғашқы жылдары бұл жерде «Қала күніне» арналған және басқа да концерттік кештер өткізіліп жүретін. Кейінгі уақытта осы үрдіс тоқтап қалғаны анық. Оның үстіне бірер жылдан бергі пандемия індетіне байланысты ахуал да елдің есін алып тұрған жоқ па?! Әлеуметтік желі арқылы жұртшылық назарын аударған осы жағдайға орай біз сахна орналасқан алаңды аралап көрумен қатар, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мекемесінің басшыларына жолығып, мәселенің мәнісіне үңілуге тырыстық.

►►*3-бетте*



## SARYARQA-AҚПАРАТ

### ЕЛОРДАДА СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ 1 МЛН ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

***Нұр-Сұлтан мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешімімен бекітілген «Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасына» сәйкес 9 мамыр мерекесіне орай біржолғы төлемдер жоспарланған.***



– Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне 1 млн теңге көлемінде қаржылай көмек беріледі, – деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Нұр-Сұлтанда қазіргі уақытта Екінші дүниежүзілік соғыстың 25 ардагері тұрады.

Сонымен қатар басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, яғни Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауға қатысқан әскери қызметшілерге, Иракқағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне, Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының өкілдеріне 20 АЕК (58 340 теңге) көлемінде (708 адам) төлем жасалады.

Сол сияқты жеңілдіктер бойынша Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне теңестірілгендерге, нақтырақ айтқанда Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қызмет еткен әскери қызметкерлерге, фашистік Германияға қарсы соғыс қимылдарына қатысқан адамдарға, Ленинград қаласындағы блокада кезінде жұмыс істеген азаматтарға, концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға, әскери мақсаттағы объектілердегі радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедек болған адамдарға және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуынан зиян шеккен балалары секілді азаматтарға 35 АЕК (102 095 теңге) көлемінде (415 адам) төлем жасалады.

Бұдан бөлек, еңбек ардагерлері, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес басқа да адамдарға, яғни Социалистік Еңбек Ерлері, III дәрежелі Даңқ, III дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлеріне, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болған адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға, тыл ардагерлеріне, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, Екінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болғандардың әйеліне 11 АЕК (32 087 теңге) көлемінде (2695 адам) төлем жасалады.

Барлығы 3843 адамға 195 159 583 теңге төлеу жоспарланып отыр.

### Мусин: ЖЕРГІЛІКТІ IT-ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ДАМЫТАМЫЗ

***ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин БҚО-ға жұмыс сапары кезінде өңірлік IT-Hub-қа барды.***

– Ол жерде IT-бэкграундпен жергілікті фермер Саян Баетов мал басын есепке алу мен басқарудың қарапайым жүйесі Sanamal жобасын таныстырып көрсетті. Саян Алматыда IT саласында шамамен 10 жылдай жұмыс істеп, 5 жыл бұрын ата-анасының фермасына кеткен болатын. Содан бері ол жерде заманауи технологияларды пайдалана отырып, мал шаруашылығын дамытып келеді – дейді министр.

Саян Баетов фермерлердің мал басының нақты санын білмейтіндігіне, ұрлықтың көп болатынына, ветеринарияның есеп жүргізбейтіндігіне және фермерлік шаруашылықтың бизнес ретінде дамуына еш қандай қатысы жоқ түрлі мәселелерге тап болған.

– Барлық алғашқы «ауыр сындардан» өтіп, осы мәселелердің оң шешіміне арналған IT жобасын жасап шықты. Sanamal қазір малдың есебін толық жүргізеді, әрбір сиыр мен төлдің беретін «пайдасын» болжайды, вакцинация, жеке өсу жоспарын мен табиғи өлім-жітімнің қай уақытта болатынына дейін анықтайды. Бұл енді «қай жерде жасалды, сол жерге тиімді» деген қағида үшін жақсы мысал. Біріншіден, өңірдің және жергілікті халықтың проблемасын шешу. Екіншіден, жергілікті IT-қоғамдастықты дамыту. Саянға табыс тілей отырып осындай қажетті жобаны бүкіл мал шаруашылығына қолжетімді етуіне тілектеспін, – дейді Бағдат Мусин.

### ҚАЗАҚСТАНДА КИІКТЕРДІҢ ЕСЕБІ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР

***Қазақстанда ел аумағындағы киіктердің санын анықтау үшін арнайы әуе есебі жүргізілуде, деп хабарлады Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметі.***



Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылы карантиндік шектеулерге байланысты әуе есебі жүргізілмей қалған болатын.

– Әуе есепті «Охотзоопром» РМҚК қызметкерлері, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы және Қазақстандағы биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының ғылыми мамандары бірлесіп жүргізуде, – делінген хабарламада.

Қазіргі таңда елімізде «Охотзоопром» инспекторларының екі есеп тобы жұмыс істеуде. Олардың біріншісі – Бетпақдала популяциясына, екіншісі – Орал және Үстірт популяцияларына есеп жүргізуде. Есепке тікұшақпен 200-ге жуық ұшу сағаты қарастырылған.

2019 жылы жүргізілген есепке алу жұмыстарына сәйкес Қазақстандағы киіктердің саны 334 400 басты құрады.

Осы кезеңде ақбөкендердің әуе есебі Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында (Орал және Үстірт таралымы) аяқталды және Бетпақдала популяциясын есепке алу бойынша Қарағанды, Ақмола облыстарының аумақтарында жалғасуда.

Киіктердің әуе есебін 2021 жылдың 5 мамырына дейін аяқтау жоспарлануда.

***Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:***

# БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАРАУ ҮШІН ӨТКЕНДІ ҰМЫТПАУ КЕРЕК

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығындағы толымды жетістіктердің негізгі өзегі қоғамның біртұтастығы мен бірлігі екенін ерекше атап өтті.

Бүкіл қоғамды ұйыстырып, ырыс-ынтымағымыздың арттыру – аса өзекті мәселе. Біз әрқашан «Береке басы – бірлікте» деген қастерлі қағиданы ұстандық. Қазақстан отыз жыл ішінде халқы тату, жері тыныш, қоғамы тұрақты мемлекетке айналды. Бұл – шын мәнінде, мақтан тұтарлық жетістік. Сан түрлі ұлыстың басын біріктіріп, бір мақсатқа жұмылдыру – оңай шаруа емес. Бұл – табандылықты талап ететін күрделі жұмыс. Біз сыйластық пен келісімнің, бауырмалдық пен өзара құрметтің негізінде еңселі, өркениетті ел болып отырмыз. Бұл, әрине, Елбасының арқасы. Мұны әрдайым есте ұстауымыз қажет. Әсіресе, коронавирус дерті қыспаққа алған қазіргі күрделі кезеңде халқымыздың алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін біз бәріміз бір Ел, бір Ұлт болып жұмылуымыз керек, – деді Президент.

Сессияның жұмыс барысында Үндеу қабылданды.

«30 жыл бұрын Тәуелсіздікке алғаш қол жеткізгеннен бастап халқымыз, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемел басшылығымен, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті – ел дамуының басты ұстанымы ретінде таңдады. Бұл қағидат – табысты да ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалардың, саяси жүйені ұдайы демократияландырудың, ұлттың әлеуметтік капиталын дамытудың мызғымас іргетасына айналды. «Қазақстандық жол» – патриотизм жолы, тұрақтылық пен халық игілігіне бағытталған реформалар жолы ретінде әлемге танымал болды. Нәтижесінде, Қазақстан бәсекеге қабілетті нарықтық экономикасы бар, заманауи мемлекеттік құрылымы және дамыған азаматтық қоғамы бар, әлем мойындаған – қалыптасқан мемлекетке айналды», – делінген Үндеуде.

Сессияны қорытындылай келе, Елбасы ҚХА төрағасы лауазымын елдің іс басындағы Президенті атқаруы тиістігін атап өтті.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңға, Ассамблея туралы заңға сәйкес маған Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы лауазымын өмір бойы атқару құқығы берілген. Жалпы, мен сіздермен барлық уақытта бірге боламын әрі одан бас та тартпаймын. Дегенмен, Ассамблеяны басқаруға қатысты біркатар құзірет еліміздің Президентіне жүктелген. Тіпті, бұл да маңызды емес. Қазақстан халқы Ассамблеясы тірек ретінде іс басындағы Президенттің жанында тұруы тиіс және екінші жағынан Мемлекет басшысы да Ассамблеяға арқа сүйейді. Сондықтан мен Ассамблеяны басқару құқығымды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа беру туралы шешім қабылдадым, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа ҚХА-ның Құрметті Төрағасы болуды ұсынды.

Аса құрметті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы, біздің Ассамблеяның Құрметті Төрағасы болу туралы ортақ ұсынысымызды қабыл алуыңызды өтінеміз. Бұл мәртебе шын мәнінде халықтың және мемлекеттің алдындағы тарихи еңбегіңізге байланысты Сізге тиесілі. Ассамблеяның барлық мүшелері бұл ұсынысты қолдайды деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қастерлі тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында Ассамблея халықтың талап-тілектерін орындауға бағытталған нақты жобаларды жүзеге асыруға айрықша мән беруі міндет екендігін баса айтты.

Баршамызға ортақ жұмыстың басты бағдары дәл осындай болуға тиіс. Біз бәріміз бірлік пен ынтымақтың арқасында жасампаз ұлт болып алдымызда тұрған тарихи мақсаттарға қол жеткіземіз, – деді ҚР Президенті.

Осы ретте ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ассамблеямен тығыз жұмыс істей беретіндігін атап өтті.

**«Saryarqa-ақпарат»**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

***«Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады.»***

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев**

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы өзінің қалыптасуының ұзақ және күрделі жолынан өтті. Ал заман талабына сәйкес тиімді мемлекет болу үшін азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бәрімізге ортақ міндет екенін мемлекет басшысы өзінің Жолдауында атап өткен болатын.

Біздің еліміздің дамуында мемлекеттік қызмет маңызды элементтердің бірі болып табылатыны анық, ал мемлекеттік қызметші болу мақтаныш пен үлкен жауапкершілік. Сондықтан, біздің мемлекет жас, өршіл азаматтарды мемлекеттік қызметке тарту үшін қажетті жағдайлар жасап жатқаны белгілі. Қазіргі қарқынды өзгеріп жатқан әлемде уақытпен бірге болуымыз керек, сол себепті өзгерістер мемлекеттік қызметке де өз түзетулерін енгізуде.

Біріншіден, мемлекеттік қызметке түсудің жеңілдеуі. Оның ішінде, азаматтың электрондық пошта арқылы конкурсқа қатысуға қажетті құжаттарды бере алуы, құжаттардың саны бастапқы кезде 3 құжатқа дейін қысқартылуы мемлекеттік қызметке түсу үдерісінің қысқаруы, бұған қоса, тестілеу бойынша да өзгерістер енгізілген болатын, енді Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеу бағдарламаларында көрсетілген мәндерден төмен нәтиже алған үміткерлерді қайта тестілеу тест өткен күннен бастап күнтізбелік 15 күнге дейін қысқарды, бұрын үміткерге қайта тестілеу үшін бір ай күтуге тура келді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 «Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығына әңгімелесу өткізу бойынша өзгерістер енгізілді, енді ол қашықтықтан бейне байланыс құралдары арқылы өтуі мүмкін деген өзгеріс енгізілді. Ал «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексіне сәйкес шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда денсаулық сақтау, әлеуметтік-еңбек және білім саласындағы мемлекеттік органдардың бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау мерзімі конкурстық комиссияның шешімі бойынша бір жұмыс күнін құрауының мүмкіндігі.

Екіншіден, мемлекеттік қызметтің ашықтығы, мәселен, мемлекеттік қызметтің ашықтығы азаматтардың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттыратыны айтып өткен жөн. Яғни бақылаушылар шеңбері айтарлықтай кеңейді, әңгімелесуді өткізу кезінде кандидат техникалық жазба құралдарын қолдана алуы. Енгізілген өзгерістер мен түзетулерден кейін конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде жасы он сегізден кем емес Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алатын болды. Байқаушы болу үшін азамат 2 сағат бұрын кадр қызметіне мәлімдеуі мен жеке куәлігін болуы жеткілікті.

Үшіншіден, меритократия қағидатының ұлғаюы мен мемлекеттік қызметшілердің кәсіпқорлігін ұлғайту мақсатында мемлекеттік қызметті өткеруге қатысты өзгертулер орын алды, оның ішінде ротация институты кеңейтілді, сонымен қатар, «Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізілместен, ауысу тәртібімен орналасу қағидалары енгізілді. Енді мемлекеттік органдардың ішінде тең дәрежелі лауазымға және мемлекеттік қызметші осы мемлекеттік органда кемінде соңғы екі жыл келесі төмен тұрған лауазымды атқарған жағдайда, мемлекеттік органдардың ішінде жоғары тұрған лауазымға жүзеге асырылуы мүмкін. Ротация институты де біркатар өзгерістерге ұшырады, мәселен саяси және әкімшілік лауазымдарға ротация тәртібі және алғаш рет ерікті ротация ұғымы пайда болды, оның ішінде департамент директорының орынбасары, басқарма басшысы, басшының орынбасары, аудан, қаладағы аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің орынбасарлары және т.б. лауазымдарды ротациялауға мүмкіндік барын мәлімдейді.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметтегі жаңашылдықтар мен өзгерістер мемлекеттік қызметтің ашықтығының артуына, азаматтардың түсу үдерісін оңайландыруына, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіпкерлігіне жағдайдың жасалуына ең әсер етушілік байқауымызға болады. Мәселен, Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында «Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады» деген сөздерінен мемлекеттік органдардың басты мақсаттары болып халыққа адал және ашық қызмет көрсету болып табылатынын айтуымыз қажет.

**И. ОРАЛ,**
**Қазақстан Республикасының МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы**

# ЖҰМЫС САПАСЫНА МӘН БЕРДІ

***Кезекті аппарат отырысы жер қатынастары бөлімінің басшысын тағайындаумен басталды. Аталған бөлімге басшылық міндетті Марғұлан Сейдахметовке жүктеген қала әкімі Қайрат Әбсаттаров оның алдағы қызметіне сәттілік тілеп, артылған жауапкершілік жүгін абыроймен атқара алады деген сенімін білдірді.***

Күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Оның алғашқысы – 2021 жылдың I тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы. Сөз басында өнеркәсіптік өндіріс көлеміне тоқталған қаржы және экономика бөлімі басшысының міндетін атқарушы Мейрамқұл Лекерова ауылшаруашылық, құрылыс, денсаулық сақтау және әлеуметтік салалар бойынша есебін таныстырды.

Аппарат жиналысында Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасының жазғы шомылу мен өрт маусымына дайындығы пысықталды.

– Жезқазған қалалық төтенше жағдайлар басқармасы дала өрттерін ерте анықтау мақсатында «Қазақстан ғарыш сапары» ұлттық компаниясы АҚ-мен дала өрт ошақтарын тану және картаға түсіру бойынша ғарыштық бақылау қызметін ұсыну туралы келісім жасасты. Дала өрттері Талап, Кеңгір және Сарыкеңгір елді-мекендерінің ауылшаруашылығы аумақтарында жиі орын алады. Соған байланысты аталған ауылдарда 5 ерікті өрт сөндіру бөлімі жасақталды. Оларда жалпы саны 30 адам жұмыс істейді. Биылдың өзінде басқарма қызметкерлері 220 өрт жағдайын анықтады. Оның 115-і қоқыс өртеу салдарынан орын алған, – деген басқарма басшысы Ләззат Төлеуғалиева жаз айларында да карантин шектеулері жалғасатын болса, суға шомылу маусымына рұқсат берілмейтінін жеткізді.

2020 жылдың жазында суға кеткен төрт адамның үшеуі балалар көрінеді. Соған сай Ләззат Төлеуғалиқызы қала әкіміне Кеңгір жағасындағы суға бату қаупі бар жоғары аймақтарға бейнебақылау камерасын орнатсақ деген ұсынысын білдірді.

Жиында көтерілген тағы бір мәселе – қала тазалығы. Бұл бағыттағы жұмыстар бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов есеп берді. Қоқыс алаңдарын тазалауға жауапты мердігер «Сәт Тазалық» ЖШС жұмысына тұрғындар тарапынан көп шағым айтылғандықтан қала әкімі мекеме басшысы Әділхан Әметовке ескерту жасады. Жұмыс жүйелі әрі сапалы атқарылмайтын болса, мекемеге айыппұл салынатынын жеткізген қала басшысы мемлекеттік мекеме басшыларына да бірқатар тапсырмалар жүктеді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ЖАҢА КІТАП

# ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН




***Әдебиеттің айдаһары саналған Шерхан Мұртаза «Мәдениеттің мәйегі – кітап» дейді. Жанға азық болар жақсы кітап қазақ руханиятына аздық етпесі анық. Осы тұста мысты шаһарда тарихтан сыр шертетін тағы бір кітап жарық көрді. Ол – Асқар Ермекбайұлының «Кенжебай болыс» еңбегі.***

Жезқазған, Атбасар жұртына аты айрықша таныс Кенжебай болыс Сегізбайұлының өмірі мен еңбек жолы туралы толығырақ мағлұмат берілген кітаптың оқырманға салар ойы да салмақты, сөзі өтімді. 1858 жылы Жабай өзенінің бойында дүниеге келген оның әкесі балаларының білім алуына жастайынан баса назар аударады. Соның нәтижесінде Кенжебай болыс дәрігер кәсібін жетік меңгеріп шыққан. Ел билеу ісіне белсене араласқан ол Ақмола облысындағы Алтыбасар, қазіргі Державинка қаласының негізін қалауға атсалысқан. Осы өңірдегі белгілі революционер Сабыр Шәріповпен жолдас болады. Патша үкіметінің қыспағынан құтылмай, 1929 жылы бар дүние мүлкі тәркіленеді. Осылайша Гурьевке, қазіргі Атырау жеріне жер аударылады. Кейін отбасымен қырғыз жеріндегі Қарасу өзені бойына қоныс аударған Кенжебай болыс, аталған өңірде де кісі емдеумен айналысады. Одан бөлек осы өңірде зығырдан сұйық май шығаратын зауыт салып, кәсібінен нәсіп тапқан ол бертін келе Өзбекстанның Әндижан жерінде ғұмырының соңына дейін өмір сүрген. Ол салған зауыт қырғыз жерінде күні кешеге дейін жұмыс істеп тұрған көрінеді. 1947 жылы дүниеден озған болыс туралы барлық мағлұматтар жойылып кеткен. Қолда бар деректер мен ел арасында ауызша тараған ақпараттарға қоса, архив құжаттарын ақтарған Асқар Ермекбайұлы ізденіс жұмыстарының нәтижесіз қалмағанын айтты.

– «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі идеясы да осында жатыр. Яғни біз өз тарихымызды, елге еңбегі сіңген бабаларымыздың есімдерін елге танытып, еңбектерін жария етуіміз қажет. Әйтсеменен, жария қылам деп өтіріктен құралған том-том кітап жазуды доғаруымыз да абзал. Әйтпесе бұл құбылыс жезқазғандық жазушы және тарихшысымақтар арасында да теріс үрдіске айналып барады. Мен бұдан кейін кітап жазбаймын. Оған денсаулығым мұрсат бере коймайды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бастапқы қалпынан айрылып, жаппай орысшаланған қала, ауыл аттарының қазақшалануына, тіліміздің мәртебесі асқақтағанын бар жан-тәнімен қалайтындардың бірі менмін. Сол мақсатта талай жыл «Қазақ тілі» қоғамында еңбек еттім. Осы тұста бүгінде Державинка деп аталатын Ақмола облысындағы қала атына тоқтала өтейін. Сол Державин деген кім екенін білесіз бе? Оны білетіндер бірен-саран ғана болуы мүмкін. Оның қасында Гостелло деген жер бар. Оны да тани қоятындар аз. Білетіндер ұшқыштар дейді. Бәрі де орыс билігі тұсынан қалып қойған атаулар. Осыған байланысты өткен жылы Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықбаевқа хат жаздым. Хатта облыстағы біраз жер-су атауларын қазақшаландыру қажеттін айтып, осы мақсатта жүйелі жұмыстар атқарылса екен деген тілегімді білдірдім. Мен өзімнің атама бір бүйірегім бұрып, сол Державинканың атын Кенжебай болыс есімімен ата деп отырғаным жоқ. Жай ғана сол жердің алғашқы аты, бірінші табаны тиіп қоныстанған байырғы халқы қойған Алтыбасар атауының қайтып берілуін сұрадым. Ал ана Гостелловның алғашқы аты Күркетал болған. Біраз уақыттан соң облыстан хат келді. Жауапты мамандар белгілі бір шектеулерге байланысты жер-су атауларын өзгертуге мораторий жарияланғаны, бұл мәселе алдағы уақытта қарастырылатынын жеткізіпті. Неде болса, күн жылыса сол жаққа барып қайтқым келеді. Оған тек індет қаупі мен карантин шектеулері кедергі болып отыр, – дейді бізбен әңгімесінде Асқар Ермекбайұлы.

«Кенжебай болыс» кітабында Бағаналы Домбауыл батыр, Жошы хан, Алаша хан, Ботқа батыр, Қазыбек би, Өтжан би, Жәнкісі шешен сияқты біраз тарихи тұлғалар туралы да пайдалы мағлұматтар жинақталған.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

# БІРЛІК – БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ



*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Мұны көршілес елдердегі жағдайдардан да байқап, бағдарлап отырмыз. Алайда, Қазақстан аз-кем уақыт ішінде түрлі ұлттардың, ұлыстардың және этникалық топтардың берекелі Отанына, құт дарыған қара шаңырағына айнала білді. Осы тұста 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен құрылған консультативті-кеңесші орган саналатын Қазақстан Халқы Ассамблясының қосқан үлесін айтпай кетпеске болмас. Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі орнады. Еліміздің көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік моделі қалыптасты. Бүгінгі әлем мойындаған Тәуелсіз Қазақстанда этностардың мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Жыл сайын, этномәдени бірлестіктердің саны да тұрақты өсіп жатыр. Олардың саны қазір 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радио- бағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығып тұрады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін мектептер жұмыс істеуде. Оған қоса қосымша білім беретін лингвистикалық мектептер де құрылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Халықтар мәдениетіне айрықша көңіл бөлетін елімізде Әз Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Алғыс айту күні, Рамазан, Рождество, масленица, сабантой сынды мерекелер жоғары мәнде атап өтіледі.

Біздің қаламызда да түрлі этнос өкілдері тату-тәтті, бірлігі жарасқан күйде тіршілік етуде. Бүгінде халық саны 19 мыңға жуықтаған орыс, неміс, татар, кәріс пен өзбек, украин, белорусь және тағы басқа жүздеген ұлттың құтты қонысы мысты шаһарда кәріс халқының «Диндалле», «Watan» түркмен мәдени орталығы», неміс халқының «Возрождение», «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» мен татар-башқұрт ұлтының «Дуслык» этно-мәдени бірлестіктері жұмыс істейді. Жезқазғандық этносаралық және конфессияаралық татулықтың озық үлгісін көрсетіп, әрдайым игі істердің басы-қасынан табылып жүретін бұл бірлестіктерге біз де қолдау көрсетуден танған емеспіз.

Халықтың бірлігін бекемдеп, достығын артырған 1 мамырдағы мереке біздің өмірімізге 1996 жылдан бастап енді. Осы жылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқының бірлігі мерекесі деп белгіленген еді. Міне, содан бері түрі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бір ұлт өкілдері тұратын Қазақстан халқы үшін бұл мереке дәстүрлі мейрамдардың біріне айналғаны сөзсіз.

Қазақтың басынан талай зұлмат өтті, соның салдарынан көп ұлтты ел болдық. Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанның болашағы бұлыңғыр деп күдікпен қарағандар көп болды. Мұндай негізсіз болжам жасауға біздің көпұлттылығымызға әсер еткені даусыз. Дегенмен, Қазақстан халқы сын-қатерлердің бәріне шыдас беріп, өзінің біртұтас ел екенін дәлелдей білді. Бірліктің, сенімнің және төзімділіктің арқасында Тәуелсіз мемлекет орнатып қана қоймай, экономикасын нығайтты және азаматтардың ертеңгі күнге деген сенімін қалыптастырды.

Бүгінгі таңда әлемдегі құбылыстарды зерделей қарасақ, бейбіт өмір мен тұрақтылықтан, тыныштықтан қол үзіп қалған елдер бар. Тепе-теңдігі бұзылған, берекесі төгіліп, бірлігі сөгілген елдердің тұрмыс-тіршілігін көргенде қай-қайсымыз болсын еліміздегі тұрақтылық сақталса деп тілейтініміз анық. Сондықтан, біздің елдің басты құндылығы бірлігі болғандықтан, осынау мерейлі мерекенің маңызы күн санап артпаса кемімек емес. Елдікті сақтап, болашаққа нық қадам басу үшін осы бірлігімізді әсте уысымыздан шығармау, күні кеше ғана әлеуметтік желіде тарап, халықты дүрліктірген келеңсіз оқиғаларға ермей, ұлтаралық татулығымызға нұқсан келтіріп алмауды ойлау – әр қазақстандықтың міндеті.

«Күншілдіксіз тату боп шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз» деп ұлы Абай жырлағандай, елдің іргесі сөгілмеуі үшін сол жердегі халықтардың бірлігі бекем, ауызбіршілігі мол болу маңызды. Бүгінде Елбасы салған сара жолдың алтын жібін үзбей алып келе жатқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көреген көшбасшылығына да дән ризамыз. Ғаламдық қауіпсіздікті қолдап, ұлттық тұтастық пен ұлттар татулығын тура жолға қоя білген елімнің ертеңі мәңгі боларына сенемін және сол жолда аянбай қызмет етуге әзірмін.

Туған жердің төсінде, құшағын жайған бейбіт елдің ішінде әрқайсымыз өз үлесімізді ел бірлігінің сақталуына, бейбіт те мазмұнды өмір кешуімізге атсалысайық. Ел тыныштығының тұнығы бұзылмай, бейбіт елдің берекесі арта берсін!

**Мереке МЫРЗАБЕКОВА,**
**Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы**

# ТАТУ ТІРЛІГІМІЗБЕН МАҚТАНАМЫЗ

«Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе, жастар, салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашан да достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік» деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздері – елімізді мекен етіп жатқан барша халықтың бағдаршамы. **Мен** де – осы сөздерді ұраныма айналдырып, «достық», «бауырмалдық» атты адам бойындағы ең ізгі қасиеттерді ерекше құрметтейтін қазақстандықтардың бірімін. Отанымызға айналған Қазақстан мен даласындай дархан пейілді, арда көңілді қазақ жұртына айтар алғысымыз қашан да айрықша.

Қазақ ұлтында «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық» деген аталы сөз бар. Расында да, бес күндік ғұмырда ешкімнің ала жібін аттамай, өзгені өсекке таңып, өтірік айтпай, жан-жағындағы барша адамдармен, достарыңмен, ұжымдастарыңмен татулықта күн кешкеннен артық өмірдің қызығы жоқ деп ойлаймын. Әрбір ұлт, әр халық бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүруді қалайды. Тарихқа көз салсақ, адамзат небір сұрапыл зардапты кезеңдерді бастан өткерді. Жазықсыз жандар жапа шекті. Тарихта таршылық көрмеген, қуғынға ұшырамаған, қилы күндерді басынан өткермеген ұлт кемде-кем.

Қазақстанда 140-тан астам этнос өкілдері, түрлі диаспоралар ғұмыр кешіп жатқанын білеміз. Солардың арасында түркмен халқы да бар. «Сыйға – сый, сыраға – бал» деген қағидатты қатаң ұстанатын біздің халқымыз тарыққанда тірек болып, ашыққанда ас-суын ұсынған кеңпейіл қазақ жұртының сол бір сарсаңды уақыттарда құшақ жая қарсы алып, міндет етпей жасаған жақсылықтарын ешқашан естен шығармақ емес. Күн сайын ұлтаралық байланыстары шиеленісіп жатқан, ұлтқа, нәсілге бөлушілік өршіп тұрған мемлекеттер туралы естіп жатамыз. Өзара қырқысып, ел тыныштығы кеткен елдерге көз тастап отырып, өз елімнің жағдайына мың да бір шүкір етемін. Аталған құбылыстар татулық пен бірлік кеткен жерде берекесіздік жайылатынын айқын аңғартады.

Бүгінгі XXI ғасырдағы әлемнің, оның ішінде Қазақстанның да алдына – ел тұтастығын, ұлтаралық, конфессияаралық келісім мен рухани бірлікті сақтап, бейбітшілік үшін жан аянбай күрес жүргізу міндеті шықты. Осы міндетті абыроймен алып шығуда барынша аянбай еңбек етіп, Тәуелсіздігімізді баянды етуге өзіндік үлесін қосуға талпынып жүрген қоғамдық бірлестіктердің бірі – «Watan» ұлттық-мәдени орталығы.

2004 жылы құрылған біздің қоғамдық бірлестіктің бүгінге дейін атқарған шаруалары жетерлік. Түрлі дөңгелек үстелдер, акциялар, ұлттық-мәдени іс-шаралар легі атқарылды. Жезқазғандық татулық пен тұтастықты үлгі етіп, еліміздің көптеген аймақтарына барып, өз мәдениетімізді, өнерімізді, әдебиетімізді паш еттік. 2016 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан Халқы Ассамблеясының XXIV сессиясына қатысқан Назар Жораев республика бойынша қоғамдық бірлестік мүшелерімен жүздесіп, біраз тәжірибе алмасып қайтты. Коронавирус ауруы өршіген сәтте де бірлестік мүшелері қарап жатпады. «Біз біргеміз» жалпыхалықтық акциясы негізінде медицина қызметкерлеріне сый-құрметтерін көрсетті. Алға қойған жоспарларымыз ауқымды. Дегенмен індет салдарынан біраз жұмысқа тосқауыл қоюға тура келіп отыр.

«Отаны бірдің – тілегі бар, тілегі бірдің – жүрегі бір» дейді қазақ халқы. Жүзі бөлек болғанымен – жүрегі бір, тілі түрлі болғанымен – тілегі бір, діні басқа болса да – Отаны бір қаншама ұлт пен ұлыстар, этнос өкілдері Тәуелсіз Қазақстан деп аталатын алып шаңырақтың уығын құрап отыр. Мен де өзімнің осы елдің азаматы екенімді мақтан етемін. Ендігі жалғыз тілегім – Қазақстан халқы ауызбіршіліктен ажырамасын. Сонда біздің Тәуелсіздігіміз мәңгі баянды болмақ.

Баршаңызды 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күнімен, татулық күнімен шын жүректен құттықтаймын. Отбасыларыңыз аман болып, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын!

**Алламұрат ЖОРАЕВ,**
**«Watan» ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестігінің төрағасы**

# АРДАГЕРЛЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ



***Жезқазған қаласы әкімдігі, «Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімнің жастар ресурстық орталығы» КММ, «Қарағанды облысының жастар мен балалар ұйымдарының одағы» жастар қоғамдық бірлестігі және «Чернобыль жаңғырығы» ҚБ ұйымдастыруымен Чернобыль атом электр стансасындағы апатты жоюға қатысқандарға арналған ауқымы іс-шара өтті.***

Осыдан 35 жыл бұрын Украинаның Чернобыль қаласындағы атом-электр стансасының төртінші блогі жарылып, әлемдегі ең ірі апат орын алды. Әлем тарихындағы осы оқиғаның салдарын жоюға Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған біздің жерлестеріміз де үлес қосқан. Сол апаттың зардабын жойып, залалсыздандыруға қатысқан ардагерлердің құрметіне «ZOOM» платформасында онлайн кездесу ұйымдастырылды. Онлайн кездесуде Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров жезқазғандық 73 ардагерді құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

Жезқазған қаласы әкімдігінің мәжіліс залында еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты карантин талаптарын қатаң сақтай отырып, шаһар басшысы Чернобыль атом электр стансасындағы апатқа 35 жыл толуына орай, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2021 жылғы 23 сәуіріндегі №129 жеке құрам бойынша бұйрығымен «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен Мұхтар Үңгітбаевты марапаттады. Сонымен қатар Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бектайұлы Әбсаттаровтың шешімімен барлық ардагердің жеке есеп-шотына 100 000 мың теңге көлемінде сыйақы аударылды. Патриотизм үлгісін көрсетіп, жастарға тәлім-тәрбие бергені үшін мерейтойлық «Ерлігі үшін» медалімен ардагерлер Виктор Шавнев пен Мұхит Үңгітбаев марапатталды. Шара барысында өмірден озған жерлестеріміздің жарларына Жезқазған қаласы әкімінің Алғыс хаты және естелік сыйлығы тапсырылды. Олардың қатарында Галина Гашаускене, Зейнегүл Ибраева, Алтынай Ибрагимова, Рая Ақшалова және Гүлнар Кәрімқызы бар.

Онлайн кездесу Жезқазған қаласында Чернобыль АЭС апатын ауыздықтауға қатысқан қаһарман жерлестеріміздің даңқын ұрпақтар санасында мәңгі қалдыру үшін орнатылған ескерткішке қала әкімі Қайрат Бектайұлы және «Чернобыль жаңғырғы» ҚБ мүшелері, басқа да лауазымды тұлғалардың гүл қою рәсімімен жалғасты.

Адамзат тарихындағы алып апатты жоюға Ұлытау – Жезқазған аймағынан 187 азамат қатысқан. Бүгінде 73 ардагер ортамызда. Әрқайсысы нағыз патриоттықтың үлгісін көрсетіп, жастарға тәлім-тәрбие беріп, өнегелі жолға бастап келеді. Еліміздегі эпидахуалға байланысты барлық ардагерлерді жеке-жеке қабылдап, кейбірінің үйіне барып, құрмет көрсетіліп, мерекелік медальдар табысталды. Жалпы айтулы іс-шараның көздеген мақсаты – ардагер ағалар ерлігін, батылдығын, отансүйгіштігін, бірлік пен мейірімділігін дәріптеу. Ерлікке тағзым ету – ұлы қасиет. Үлкенді құрмет тұтып, ардагерлерді ардақтап, олардың ерен еңбектерін бағалаған ұйымдастырушыларға «Чернобыль жаңғырығы» ҚБ төрағасы Мұхит Үңгітбаев барша ардагерлер атынан алғыс білдірді.

**Ізтөлеу БЕКЕНҰЛЫ**

# МҰҒАЛІМ ТАПШЫЛЫҒЫ

## *қоғамдық кеңес отырысында сөз болды*

***«ZOOM» платформасында өткен Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында бүгінгі күннің өзекті мәселесі – педагог мамандардың тапшылығы талқыға түсті. Қоғамдық кеңестің төрағасы Сағындық Қожамсейітов жүргізген жиынға мемлекеттік мекеме басшылары мен қала әкімінің әлеуметтік сұрақтар бойынша орынбасары Зина Ақылбекова қатысты.***

Күн тәртібіне шығарылған мәселе бойынша баяндама жасаған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов:

– Жезқазған қаласы бойынша жалпы орта білім беру ұйымдары саны – 19. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары – 14. Қосымша білім беру ұйымдары – 3. Педагог қызметкерлердің жалпы саны, мектептерде – 1320 педагог, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде – 347 тәрбиеші. Оның ішінде сапалық құрамы бойынша жоғары санатты – 260 педагог, бірінші санатты – 302 педагог, екінші санатты – 292 педагог, сонымен қатар, педагог-шебер – 4, педагог-зерттеуші – 127 , педагог-сарапшы – 260, педагог-модератор – 200, – дей келе жезқазғандық білім ошақтарында барлығы 113 зейнеткер мұғалім барын жеткізді.

Биыл зейнет жасына жететін тағы 35 ұстаз бар. Бірақ олардың түгелі дерлік еңбек демалысына кетпейтіні анық. Өйткені, біздің мектептер химик, биолог, математик сынды жаратылыстану бағытындағы мұғалімдерге зәру. Тіпті, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті мен Жезқазған гуманитарлық колледжде оқытылатын бастауыш білім беру мамандығын меңгергендер де тапшы. Қазірдің өзінде мектепте сабақ беріп жүрген бастауыш сынып мұғалімдерінің 26-сы – зейнеткер. 2021 жылдың соңына дейін олардың қатары тағы 6 ұстазға толықпақшы. Балабақшадағы да жағдай мәз емес. Онда тәрбиешіден бастап логопед, дефектолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка қызметкері, бейнелеу өнері мұғалімдеріне дейін қажеттілік сезіледі. Одан бөлек, орыс сыныптары мен топтарына білім мен тәрбие беретін мұғалім мен тәрбиешілерді табу да қазір мұң. Тапшылықтың орнын толтыру жолында барлық мүмкіндікті қарастырып, қолдан келгенін жасап жатқанын айтқан қаланың бас педагогі сырттан маман тарту ұсынысын білдірді.

Өзге қаладан келген мамандар Жезқазғанда тұрақтауы үшін, әрине, баспана керек. Әкімдіктің тұрғын-үй кезегінде тұрған мыңдаған жезқазғандықты баспанамен қамти алмай жатқанда ұстаздарға қызметтік пәтер беру орындалмайтын арман екенін айтпаса да түсінікті. Осы ретте, қоғамдық кеңестің мүшелері бірқатар орынды ұсыныстар жасады. Мысалы, Дархан Мұхан балабақша мен мектептердегі орыс сыныптары мен топтарының халық арасында қаншалықты сұранысқа ие екеніне талдау жасалып, қажет болмаған жағдайда олардың есебінен қазақ сыныптары мен топтарын ашуды ұсынды.

Ал, Жезқазған университетінің ректоры болса әкімдіктен мұғалім мамандығына гранттар бөлінсе деген тілегін жеткізді. Жиында сөз алған Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Әбдірахман Досанов Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті гуманитарлық-педагогтік институтының бүгінгі ахуалынан хабар берген директоры Алмагүл Үмбетоваға болашақ маман даярлауда жіберілген олқылықтарға нұсқады. Университетке студент жинау мақсатында жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарын мардымсыз деп бағалаған мәслихат хатшысы мектепке тәжірибеден өтуге келген болашақ ұстаздар университет қабырғасында тиісті деңгейде білім алмайды деп топшылады. Әбдірахман Досановтың мұндай қорытынды жасауына мектептегі ұзақ жылғы қызметі түрткі болса керек.

Жезқазған университетінің әлеуетін толыққанды пайдалану, білім саласы қызметкерлерінің сапалық құрамын жақсарту, мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру бағытында нақты ұсыныс айтқан қоғамдық кеңес мүшелері бұл мәселе оң шешімін тапқанша назардан түспейтініне сендірді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

# «ЖЕЗКИІК» АЛАҢЫ ИЕСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Бұл жағдайды Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов те біліп отыр екен. Нысан құрылысының толық аяқталғанын, олардың тарапынан бұл жерде одан әрі құрылыс жұмыстарының жоспарланбағанын алға тартты ол. Қаланың мәдени-тынығу орны саналатын алаңның иесіздікке ұшырамайтынын, бөлім арқылы нысанды күтіп ұстау жұмыстарының ұйымдастырылатынын да атап өтті.

– Бізде аллеялар мен гүлзарларды күтіп ұстау деген бағдарлама бар. Жалғыз бұл нысан емес, қаладағы ескерткіштер мен көпшілік тынығатын бақжолдарға күтім жасап, тазалық жұмыстарымен айналысатын арнайы адамдар болады. Осы іспен айналысатын мердігерді анықтау мақсатында конкурс жарияланған болатын. Осы жұма күні конкурс нәтижесі белгілі болады. Жеңімпаз болған мердігерге «Жезкиік» фестивалі өткен алаң мен сахнасының кетеуі кеткен жерлерін көрсетіп тапсырамыз. Олар бүлінген жерлерін қалпына келтіреді, әктеу, бояу жұмыстарын жүргізіп, нысан маңайын абаттандыратын болады, – дейді Е.Есетов.

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлзада Шомаева да жағалаудағы дала сахнасын одан әрі пайдалану мақсатында биыл біршама мәдени шараларды белгілегенімен карантинге байланысты тиымдар бәріне тосқауыл болып отырғанын жеткізді. Мәселен, дәстүрлі «Ұлытау үні» фестивалінің ашылу және жабылу салтанатын осы сахнада өткізбек ойлары болған екен. Көпшілік қатысатын іс-шараларға тиым салу туралы арнайы хат келіп, жоғарыдан тапсырма болуына орай жоспарланған істердің барлығы өтпейтін болыпты. Жазда жағдай түзелсе, сенбі күндері ұйымдастырылатын апта сайынғы концерттік бағдарламаны және басқа да шараларды осы алаңда өткізу ниеттері бар көрінеді.

– Жағалаудағы сахнаны біз күн жылы кезде өткізілетін шараларға пайдаланатын боламыз. Ол жер назарымызда. Биылғы наурыз мерекесінде сол алаңда болып телефильм түсірдік. Сонда орындықтар мен сахна колоннасының бүлінген жерлерін көрдік. Бірақ, біз оны бүтіндеп, жөндеуге қаржы бөлетін құқымыз жоқ. Нысан ТКШ бөлімінің иелігінде, – дейді мәдениет бөлімінің басшысы.

Сөз орайы келген соң біз кезінде газет бетінде осы жерді «Ротонда» деп атап жүргенін, концерт алаңының бөлек, «Ротонданың» бөлек нысан екенін айта келіп, мәдениет бөлімі тарапынан лайықты бір атау болса деген мәселе көтергенімізді де айта кетуді жөн көрдік. Сол кезде қала жұртшылығы өкілдерімен қатар, өнер адамдары да газет көтерген осы мәселеге белсене үн қосып, өз пікірлерін білдірген болатын. Сонымен көпшіліктің ой қосуы айтулы фестиваль өткен алаңға «Жезкиік» концерт алаңы» деген атау лайықты деген пікір төңірегінде тоғысқан-ды. Мәдениет бөлімінің басшысына: «Осы жөнінде ойластырсаңыздар оңды болар еді» деген тілегімізді де жеткіздік. Гүлзада Шомаева бұл ұсынысты құп алып, ойласуға уәде етті. «Мүмкін, «Жезкиік» алаңы» деген атау қолайлы болар», – деп өз ұсынысын да іркіп қалмады.

Қалай болғанда да біз кезінде айтарлықтай қаржы салынып, қаладағы рухани орындардың біріне айналсын деген мақсатпен іске қосылған көрермендерге арналған қолайлы орындықтары бар су жағалауынан салқын самал соғып тұратын дала сахнасының иесіздікке ұшырамайтынын естіп бір қуансақ, мәдениет бөлімі тарапынан алаңға атау ойластырылатынын естіп екі қуандық. Олай болса, «Жезкиік» алаңында жақсы күндерде кездесуге жазсын!

**Амандық РАХҰЛЫ**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛЫНДА

***Мемлекеттік органдардың басты міндеттерінің бірі халықтың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстан Республикасында ақпаратқа қол жеткізу Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңмен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар.***

Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап барлық мемлекеттік органдар жаңа қағидат: ашықтық, айқындық және есептілік бойынша жұмыс істей бастады және халықпен ашық диалогқа көшті.

Осы қағидаттарды іске асыру мақсатында және 2015 жылы қабылданған «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Республикасының Заңы негізінде электрондық ақпараттық ресурс, «Ашық Үкімет» порталы енгізілді.

«Ашық Үкімет» порталы мемлекеттік органдардың халықпен онлайн режимінде өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

«Ашық Үкімет» порталы келесі бес компоненттен тұрады: ашық деректер, ашық нормативтік-құқықтық актілер (НҚА), ашық диалог, ашық бюджеттер және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау, олардың барлығы іске қосылған, жұмыс үстінде.

«Ашық деректер» – бұл мемлекеттік органдармен ұсынылатын әртүрлі санаттар бойынша деректер жиынтығы, мысалы: ПИК, қонақ үйлер саны және басқалар.

«Ашық диалог» – бұл мемлекеттік органдар мен қоғам арасында тиімді кері байланыс орнатуға арналған алаң. Электрондық - цифрлық қолтаңбасы бар пайдаланушылар мемлекеттік органдардың басшыларына тікелей өтініштер мен ұсыныстар жолдай алады, сауалнамалар мен интернет-конференцияларға қатыса алады, мысалы: Денсаулық сақтау министріне немесе облыс, қала немесе аудан әкіміне сұрақ қоюға болады.

«Ашық НҚА» азаматтардың нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын қарауға қатысуын қамтамасыз етеді, пайдаланушылар қабылданатын нормативтік-құқықтық актілерді көпшілік алдында талқылауға қатыса алады.

«Ашық бюджет» азаматтарға «бюджет» ұғымы туралы түсінік береді және бюджет қаражатының жұмсалуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді, пайдаланушылар өз өңірінің бюджетін сапалы жоспарлау және игеру бойынша өз пікірлерін қалдыра алады.

«Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау» бұл порталда стратегиялық жоспарлар мен аумақтарды дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына қол жеткізу туралы есептер орналастырылады, мемлекеттік органдардың бағалау нәтижелерін көруге, рейтингті қарауға болады. Сонымен қатар, бұл порталда мемлекеттік органдардың қызметін жария талқылау қарастырылған.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес, барлық мемлекеттік органдарда ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге ішкі мониторингті және үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті тұлғалар тағайындалды, сондай-ақ ақпаратты уақтылы және сапалы орналастыру бойынша жауапты тұлғалар бекітілді.

Жезқазған қаласының әкімдігі бойынша ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі уәкілетті тұлға болып, Жезқазған қаласы әкімінің аппараты, мемлекеттік қызметтердің сапасын мониторингілеу және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің бас маманы – Әбубәкір Кәрімсаттарұлы тағайындалды, **байланыс телефоны:** 734292, **email: a.smagulov@karaganda-region.gov.kz.**

«Ашық үкімет» порталынан басқа, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, азаматтар мен бизнес үшін кедергісіз және жайлы жағдай жасау, әкімдік қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету үшін әкімдік ғимаратының бірінші қабатында «ашық әкімдік» кабинеті ұйымдастырылған, онда қаланың кез келген тұрғыны өзін толғандырған мәселесіне кедергісіз жауап ала алады және электрондық мемлекеттік қызметті рәсімдей алады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың интернет ресурстарының бірыңғай порталында (МО ИРБП) Жезқазған қаласы әкімдігінің сайты jezkazgan.gov.kz жұмыс істейді, сайтқа халық белсенді қатысады.

Жезқазған қаласы әкімі аппаратының сайтына кіру үшін іздеу жүйесінде «Жезқазған қаласы әкімі аппаратының сайты» мәтінін теру немесе браузердің жолына **jezkazgan.gov.kz** теру қажет. Жезқазған қаласы әкімдігінің сайтына қош келдіңіздер!

**Әбубәкір СМАҒҰЛОВ,**
**Жезқазған қаласы әкімі аппаратының бас маманы**



***Мемлекеттік қызметшілердің басты қасиеті масаттанушылық, менмендік, тәкаппарлыққа жол бермейтін қарапайымдылық болуы тиіс.***

# ӘДЕП КОДЕКСІМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН СТАНДАРТТАР

***мемлекеттік қызметшілер тарапынан мүлтіксіз орындалуы тиіс***

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» дейді Алаш арысы Әлихан Бөкейхан. Қандай болғанда да, мемлекеттік қызметші әдеп нормаларын сақтауға қалыптасуы, Әдеп кодексін оқып, өзін-өзі үйретуі, өзгеден үйренуі және өзгені үйретуі керек. Осы ретте, ұжым арасындағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында жүргізілетін анонимді сауалнаманың пайдасы бар. Қалалық әкімдікте де осы сауалнаманы жоспарға сай жүргізудеміз, соның қорытындысы бойынша қызметкерлердің арасындағы, қызметкер мен басшылардың арасындағы қарым-қатынас, сенімділік, әдеп нормаларын сақтау жағдайлары қарастырылады.

Мемлекеттік қызметшілер әрқашан қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына сәйкес болуға, адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қызметтерді кәсіби көрсетуге талпынуымыз қажет. Азаматтармен қарым-қатынас жасау кезінде біз мынадай ұстанымдарды ұстануға тиіспіз: өз ойымызды дұрыс және дәлелді түрде баяндау; сөйлеп отырған адамның сөзін бұзбай, азаматтың сұрақтарын мұқият тыңдау, әңгімелесушіге ізгі ниеттілік пен құрмет білдіру; толық консультация беру және болуы мүмкін тәуекелдер туралы азаматтарды хабарландыру; жасы үлкен адамдарға, ардагерлерге, мүгедектерге ізгі ниетпен қарау, оларға қажетті көмекті көрсету. Шағым түскен жағдайда біз туындаған мәселені жылдам шешу үшін бірден шаралар қабылдаймыз және болашақта ұқсас жағдайларды алдын аламыз. Мұндай қарым-қатынас бізге мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық мәдениеті мен кәсібилігі туралы оң пікірді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі міндеттеріне тоқтала кететін болсақ, ол қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асырады және өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді.

Егер де мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз қылықтарына тап болсаңыз, әдеп жөніндегі уәкілге жүгінуге болады.

**Мейіржан АХМЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл**

# АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ІСКЕ АСАДЫ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес» дей келе, саланы дамыту бағытында нақты тапсырмалар жүктегені белгілі.***



Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптің зор әлеуетін ашып, халықтың тұрмысын жақсартып, ел экономикасының алға басуына ықпал ететін міндеттемелер бүгінде жүзеге асырыла бастады.

Жылдың басынан Жезқазған қаласындағы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 234,5 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 134,4% (174,5 млн. теңге) өсім көрсетті, 2021 жылдың жоспарына 131,8% (177,9 млн. теңге) құрады. Нақты көлем индексі 109,4%.

Өндірілген өнім:

– ет – 143,4 тонна, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 104,3 пайызды құрады (137,5 тонна);

– сүт – 385 тонна, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 108,8 пайызды құрады (354,9 тонна);

– жұмыртқа – 1438,5 мың дана, өткен жылдың сәйкес кезеңінің деңгейіне 150,3% құрады (957,4 мың дана);

Ауыл шаруашылығы жануарларының саны:

– Іра қара мал – 11279 бас немесе өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 118,9 % (9 485 бас);

– Қой мен ешкі – 18324 бас өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 115,9% (15 806 бас);

– Жылқы – 8785 бас, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 123,3 % (7 124 бас);

– Құс – 39567 бас, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 117,2 % (33 764 бас);

– Шошқа – 254 бас немесе өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 119,2 пайыз (213 бас).

Одан бөлек қаламызда ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инвестициялық жобалар іске асырылуда. Мысалы, құны 226 млн теңге болатын «Ахтямов» шаруа қожалығының құс етін өндіру жобасы 30 жаңа жұмыс орнын құрмақшы. Бүгінгі таңда кәсіпкер құс қораларына арналған жабдықтар сатып алып, құрылыс жұмыстары мамыр айында бастауды жоспарлап отыр. Құс фабрикасы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында іске қосылады. Осы жоба сәтті жүзеге асқанда жылына 1000 тонна құс еті өндіріледі. Тауық етінің бұл көлемі қос қаланың халқын (Жезқазған және Сәтбаев) толық қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, «Самади-2030» ЖШС-нің «Ұн тарту кешені» инвестициялық жобасы іске асырылу сатысында. Құны 400 млн. теңге болатын жоба 30 жұмыс орнын ашады. Жобалық қуаттылығы – жылына 10000 тонна ұн. 2021 жылдың мамыр айында іске қосылатын кешенде ғимарат жөндеулері өз мәресіне жетіп, елеуіштер, ұнтақтағыштар, кептіру аппараты сынды қондырғылар орнатылуда.

Жыл соңына дейін «АйырТауАгро» ЖШС мен «Жаналинов» ЖК 140 ірі қара мал басына арналған екі бордақылау алаңын ашу жоспарланған. Сонымен бірге жеке кәсіпкерлерге 914 гектар егіс алқаптарын конкурс тәртібімен беру жоспарланған. Аталған жер картоп, көкөніс және бақшалық өнімдерді өсіруге арналған. Талап суару жүйесінің Жезді су қоймасының магистральды каналын қайта жаңарту жоспары тағы бар. Бұл жобаның құны –1 млрд. 243 млн. теңге. 2021-2023 жылдар аралығында жүзеге асатын жоба бойынша қазіргі таңда су ресурстары комитеті жобалық-сметалық құжаттаманы жасау жұмысын жүргізуде.

Жоғарыда көрсетілген жобалардан басқа «Қазақмыс Холдинг» ЖШС жүзеге асыратын жылыжай кешенінің құрылысы пысықталуда. Құны 108 млрд.теңге болатын жылыжай 2023 жылы іске қосылады деп күтілуде. Жылыжай құрылысы үшін жер телімі анықталды, қажетті инфрақұрылымды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Алдағы үш жылға межеленген аталған ірі инвестициялық жобалар қаланың ғана емес, тұтастай алғанда елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына жаңа серпін береді.

**Фархат НҰРДӘУЛЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы**

# РОБОТОТЕХНИКА – БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ

***Қазақстан Тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп жатқанына – 30 жыл. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке дара ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды. Бұл еліміз Тәуелсіздік алғалы 30 жыл ішіндегі жеткен жетістіктеріміздің бір бөлігі ғана. 30 жыл ішінде қол жеткізген Озық технологияларды біліктілік бастауы десек, еліміздің алға басуы цифрлық-ақпараттық технология саласының дамуымен анықталмақ.***



Белгілі банкир Нотан Ротшильд «Ақпарат кімнің қолында болса, әлем соның қолында» демекші, әлемнің дамыған елдерімен терезесін теңестіруді мақсат еткен Қазақстан үшін цифрлық технологияны енгізу, оны меңгеріп алу қажет екенін ұғынған көреген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа мүмкіндіктер» атты Жолдауында тың саланы дамытудың міндеттемелерін белгілеп берді. Осылайша, аз уақыттың ішінде еліміз цифрландыру үдерісіне бет бұрып, IT, робототехниканы дамытуға құлаш сермеді.

Біздің санамызда цифрлық технология ұғымы күнделікті пайдаланылатын компьютер немесе ұялы байланыспен шектеліп қалмауы тиіс. Инновациялық технологияның мүмкіндігі шексіз. Бүгінде «ақылды» ойыншық көліктер өмірімізге дендеп ене бастады. Сан салада медицинадан бастап космонавтикаға дейін IT-технологиялардың көмегіне жүгінеді. Сондықтан, соңғы жылдары өскелең жас ұрпақты осы робот техникасын меңгеруге баса назар аударылуда. Бұл сөзімізге қалалалық білім бөлімінің қолдауымен Қабден Шыңғысов атындағы № 5 жалпы білім беретін мектеп жанынан 2019 жылдың 24 қарашасында ашылған робототехника және IT кабинеттері дәлел болса керек. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлының балаларға арналған технопарктері желісін қалыптастыру арқылы әлемнің озық ғылымында бәсекелестікті арттыру тапсырмасын орындау шеңберінде оқушылардың интеллектісін дамытып, ой-өрісін кеңейту мақсатында іске қосылған «IT және робототехника» үйірмесін жаңа саланың қыры мен сырын Қарағанды қаласындағы «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының курсында игерген информатика пәнінің мұғалімдері жүргізеді. Бүгінгі таңда үйірмесінде 200-ден астам жеткіншек көптеген зерттеулер жүргізіп, өз жобаларын өміршең ету үстінде. Сабақ барысы балалардың жобаларды бірлесіп әзірлеуіне және ойлау еркіндігін дамытуға бағытталған.

«IT және робототехникасы» үйірмесін ашудағы тағы бір мақсат – жас ұрпаққа жаңа технологияларды үйретіп қана қоймай, оларды республикалық және халықаралық байқауларға қатыстырып, бәсекелестік қабілеттілігін арттыру болатын. IT кабинеті ашылғанына көп уақыт бола қоймаса да, біздің оқушылар біраз сайыстарға да қатысып, жақсы нәтиже көрсетіп үлгерді. Атап айтқанда, қалалық, мектепаралық командалық сайыста I орын, «Roboland – 2019» сайысында III орын иеленді. Алматы қаласы әкімінің кубогына, «Kazakhstan Robotics Challenge 2019», «Robopolis – 2019», «Robopolis – 2020» қалалық сайысына қатысқан жас өнертапқыштардың ізденісі Алғыс хатпен еленді. 2021 жылдың наурыз айында Жезқазған политехникалық колледжінің ұйымдастыруымен өткізілген роботтар сайысынан да біздің оқушылар құр қайтпады.

Көптеген шет елдерде, соның ішінде Жапонияда робототехника өте жақсы дамыған сала. Біз де сол көштен қалмауымыз керек. Ендеше, осы көшті ары қарай алып жүретін IT және робототехника жұмыстарын әрі қарай жандандыруымыз қажет. Сол себепті, мектеп қабырғасында «Роботтар біздің өмірімізде» тақырыбында ұстаздардың қатысуымен тренинг өткізіліп, 3-7-сынып оқушылары арасында роботтар сайысы өткізілді.

Бір сөзінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз» деген-ді. Қазір оқимын, меңгеремін деген құлшынысы бар жастарға барлық жағдай жасалып, мол мүмкіндіктер ұсынылған. Елімізді әлем аренасына шығаратын болашақ ғалымдар мен өнертапқыштардың көзін ашудан біз де шаршамақ емеспіз.

**Гүлнұр УТЕЕВА,**
**Қ.Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің информатика мұғалімі**

# ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ – ЗАМАНАУИ ӘДІС

***Ел Президенті Қазақстан халқына арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауының тоғызыншы бағытын «Цифрландыру – барлық реформаның негізгі элементі» деп атады да елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы екеніне баса назар аудартты. Бүгінде цифрлық трансформациялау идеясын әлемдік тренд деуге болады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары.***

XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры десек, ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының өзіндік, сыни ойлау қабілеттерін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға жетелеп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына еркін ашады. Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені жеңілдету сондай-ақ, білім беру сапасын арттыру. Цифрлық құралдар педагогтер үшін оқу процесін тиімді ұйымдастыру және оқушылардың бойында XXI ғасыр дағдыларын дамытудың заманауи әдісіне айналып келеді.

Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері – бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау, дағдыландыру.

Әр түрлі заманауи ресурстардың ішінен тиімді цифрлық құралды қалай таңдауға болады. Математиканы оқытуда Zoom, LearningApps , Quizlet (тіл үйрену), Bandicam, Google Classroom (қосымшасы), Triventy, Daryn.online, Pear Deck, LINOIT онлайн тақтасы, padlet тақтасы, Jambort, Whiteboard (электронды тақтасы), AMW board, CLASSTIME, WORDWALL, Mindmeister сервистері сияқты онлайн-платформалар, пайдалы веб-сайттарды сабақта пайдаланып, тиімді қолданудамыз.

Цифрлық сауаттылық – бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті.

**Айжан НАУРЫЗБАЕВА,**
**№1 мектептің математика пәні мұғалімі**

ТЕАТР



# ӨЗІНДІК ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

***Үстіміздегі жылдың 5 мамырында Қазақ КСР Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қазақ театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, ұлы актер Серәлі (Серке) Қожамқұловтың туғанына 125 жыл толады.***

Серәлі Қожамқұлов 1896 жылы 5 мамырда Қостанай облысы Қарабалық ауданы Жамбыл ауылында дүниеге келген. Әкесінен жастай жетім қалып, анасы Айкүннің тәрбиесін көріп өскен ол өмірдің небір қиыншылықтарын көре жүріп, 1913-1916 жылдары Троицкінің «Уазифа» медресесінде, кейін Орынбордағы татардың халық ағарту институтында оқып білім алады. 1919 жылдан қызметке араласып, алғашында Әліби Жангелдиннің қызыл отрядында қатардағы жауынгер, кейін сот мекемелерінде халық тергеушісі болады.

Серкенің өнерге қызығушылығын оятқан жездесі Жүсіп Темірбеков пен жазушы Бейімбет Майлин болды. 1920 жылдары «Қызыл керуен» отрядында, одан бұрын Семейде, кейін Орынборда оқып жүрген кезінде көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмыстарына белсене қатысып, өзінің өнерге деген қарым-қабілетін ерте байқатады. Оның тұңғыш сомдаған рөлі - М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясындағы Еспембет рөлі. Бұл рөл – Серағаңның өнердегі паспорты болды.

1925 жылы қазақтың елдік тұрғыдан жаңа сатыға көтерілуінің, әлемдік өркениетке қадам жасауының бір белгісі еліміздің сол кездегі астанасы Қызылорда қаласында тұңғыш кәсіби Қазақ театры (қазіргі М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театры) ұйымдастырылады. Театрға арнайы шақырылған Серағаң рөл ойнаумен қатар, осы театрдың тұңғыш режиссері де болады. Сахналас серіктері И.Байзақов, Қ.Бадыров, Қ. Жандарбеков, Ә.Қашаубаев, Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, Ж.Шанин және т.б. қазақ театр өнерінің ерен тұлғаларымен ұлттық театрымыздың керегесін керіп, уығын шаншысып, шаңырағын бірге көтеріседі.

Жас кезіндегі алғашқы қадамынан-ақ аяқ алысын байқап, алғырлығы мен өнерпаздығына сүйсінген заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Тәжірибесі күшті, сахна техникасын меңгерген...біріншi қатардағы еңбек Серкеніңі сияқты », – деген баға берген екен. Мұхаңның сол бағасы Серкенің бүкіл ғұмырына жетерлік зор баға болды деуге болады.

Сонау елең-алаң шақтан бастау алған қазақ театр өнерінің өрелі өсу жолында онымен бірге болып, қиындығы мен кедергісін көзбен көріп, көңілден өткеріп, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетіп, жаңа жас толқынды нағыз серкелік қасиетпен ақ жолға салып, болашақтың бедерінен асырып жіберу бақыты басқа емес, Серағаңа бұйырған екен. Оған аттай алпыс жыл ғұмырын арнапты.

Қазақ театрының алтын діңгектері Сәбира Майқанова, Шолпан Жандарбеков, Хадиша Бөкеева, Камал Қармысов, кейінгі толқын Рахметбай Телеубаев, Тұңғышбай Жаманқұлов Серағанды «өнердегі ұстазымыз» деп бағалап, құрмет тұтыпты.

Қазақ өнерінің өсу жолына еселі еңбек сіңіріп, айшықты ізін, соны соқпағын салған, өмірінің соңына дейін ұлттық мәдениетіміздің даңқын асырудан, оған еңбек етуден танбаған Серағаң театр мен кино саласында 200-ден астам рөлде ойнап, сонша кейіпкерді өзгеге ұқсамас өзіндік қолтаңбасымен сомдапты. Оның сырбаз шеберлікпен сомдаған Еспембеті, Қоңқайы, Көбіктісі, Қарашешені, Қарабайы, Талтаңбайы, Мырқымбайы, Қыдышы, Қыдырбайы, Торсықбай мен Борсықбайы, Яичницасы мен Земляникасы, Слайы мен Педанты, Ягосы мен Дон-Жуаны және т.б. актер өнерінің мол мүмкіндігі мен табиғи талантының сан алуан қыр-сырын жарқырата ашқан, қазақ театр өнері тарихында өшпестей жазылып қалған қайталанбас бейнелер.

Ұлы актер өмірінің соңына дейін сахнадан түспей, 1979 жылы 25 желтоқсанда Ш.Айтматовтың «Ана-Жер-Анадағы» спектаклінде Ақсақал бейнесін соңғы рет ойнап, алты күннен кейін 31 желтоқсан күні 83-тен 84 жасқа қараған шағында дүниеден өтеді.

Серке Қожамқұлов – өнер құдіретіне сай ең бақытты актер болды деуге толық негіз бар. Көзі тірісінде мүмкін болған атақ-абыройдың бәріне ие болып, халықтың құрметіне бөленді: бесінші сайланған ҚазКСР Жоғары Кеңесінің депутаты болды. ҚазКСР Жоғары Президиумының Құрмет грамоталарымен, 3 рет Ленин орденi, Қазан төңкерісі, Еңбек Қызыл Ту, 2-ші дәрежелі Отан соғысы және «Құрмет белгісі» ордендері мен медальдармен марапатталды.

Ел есінде сақталуына келер болсақ, ол кісі қайтыс болған соң атын есте қалдыру шаралары көрсетілген Үкіметтің арнайы қаулысы шықты. Тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылып, кабіріне ескерткіш қойылды. Алматыдан көше есімі берілді. 1993 жылы «Өнер» баспасынан «Шеберлік мектебі» атты кітабы жарық көрді. Өнер институтына Серке Қожамқұлов атындағы стипендия тағайындалды. Сол шаралардың бастыларының бірі 1981 жылы Торғай облыстық театрына (қазіргі С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры) есімі берілуі дер едік.

Биыл Серке Қожамқұловтың туғанына 125 жыл толып отырғанын жоғарыда айтып өттік. Театрдың ұлы актер есімін құрметпен алып келе жатқанына 40 жыл толып отыр. Торғай жерінде дүниеге келіп, өсіп-өркендеу кезі Жезқазған қаласында жалғасқан Серке театры өзіндік шығармашылық жолы бар, өнерде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, «шалғайдағы болса да – маңдайдағы театр» атанған еліміздегі іргелі театрлардың бірінен саналады. Үш дүркін республикалық, бір рет аймақтық фестивальдердің Гран-При жүлдегері болған театр сонау тоқсаншыншы жылдардағы тоқырау кезінің өзінде қатарынан үш рет республикалық театрлар фестивальдерін өткізіп, Жезқазғанды театр Меккесі атандырса, сол дәстүр 2017-2019 жылдары қайта жалғасын тауып, өнер байқауын Халықаралық театрлар фестивалі дәрежесіне көтерді. Фестиваль күндері Жезқазған жұртшылығы еліміздің таңдаулы театрларымен қатар, алыс-жақын шетелдік театрлардың өнерлерін тамашалап, қойылымдары арқылы мәдениетімен танысуға мүмкіндік алды.

Биыл індеттің беті қайтып, шектеу шаралары алынса, қыркүйек айында С.Қожамқұловтың 125 жылдығы аясында халықаралық театрлар фестивалін өткізу жоспарлануда. Оған дейін театр музейін С.Қожамқұлов жайлы құнды деректер, бағалы құжаттар, жеке жәдігерлерімен толықтырып, соның негізінде үлкен көрме ұйымдастыру және басқа да игі шаралар жүзеге асатын болады.

Дара талантымен танылып, қазақ театр өнерінің серкесі бола білген сахна саңлағының өлмес өнері, өшпес рухы, артына қалдырған өнегесінің ұлағаты ұмытылмайды, ол әрдайым бізбен бірге.

**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**С. Қожамқұлов атындағы**
**Жезқазған қазақ музыкалық-**
**драма театры әдебиет бөлімінің**
**меңгерушісі**

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ

# БАЯНДЫ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

***Бүгінгі таңда әр адам экономика мен қоғамның дамуына сай үш тілді меңгеріп, қазақ тілінде, орыс тілінде, ағылшын тілінде еркін сөйлеуге тиісті.***

**Н.Ә. НАЗАРБАЕВ, «Қазақстан-2050» Стратегиясы.**

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ұлытау төріндегі ұлт туралы толғанысында: «Үш тілді – мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілін меңгергеніміз өте дұрыс. Үштілділік – нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері мемлекет тарапынан білім беру саласы бірнеше рет реформаған өтіп, заман талабына сай жетілдіруде. Бұл ретте алға қойған басты мақсат – сауатты ұлт қалыптастыру.

Тіл – қоғамдағы ғасырлар бойы халқымыздың қатынас құралы болып, күн өткен сайын дамып, канатын кең жайып келе жатқан тарих құралы. Әрбір қазақ өз тілінде сауатты жазып, шешен сөйлеп, бабаларымыз ардақтаған, бізге жеткізген ұрпаққа толыққанды түрде жеткізудің маңызы зор. Көп тіл білу – біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін қарым-қатынастардың аса маңызды құралы. Көп тілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту заман талабы десек, оның негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, элементтік және кәсіптік бағдарда қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақстанның болашағы – қазақ тілде. Қазір қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылданып жатыр. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы.




Ал ағылшын тілін меңгеру еліміздің әрбір азаматына өміргері шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Ағылшын тілін білу – өмір талабы. Қазақстан өркениетті мемлекеттер алдына жерімізде ғана емес, өзге шет жерде де дәлелдей алатын тіл – ағылшын тілі. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл, ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу – әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ендеше, үштұғырлы тіл – өмірдің қажеттілігі. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Тіл – адамзаттың баға жетпес құндылығы. Көп тілді білу – заман талабы, адам талабы. Осы заманға лайық болғың келсе тіл біл, өйткені, қазіргі кезең бәсекелестік кезеңі. Өзге тілді білсең, өргe шығасың; өз тіліңді білсең, төрге шығасың. Орыс тілі әр елге, ағылшын тілі әлемге есік ашады. Бүгінгі күнде біздің көздеген мақсатымыз – үш тілдікпен үштастыру. Ұлы ойшыл, қытай философы Конфуций «Естігенді ұмытамын, көргенді есте сақтаймын, ал өз ақыл-ойыммен істеген ісімді түсінемін» деген даналық сөздері келесі тәжірибелер арқылы дәлелдене түседі. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» дегендей, өз тілімізді құрметтеп өсейік. Біздің бүгінгі балаларымыз – ертеңгі ел болашағы.

**Жанат ДЕМЕСИНОВА,**
**Жезқазған қаласы**
**«Балауса» балабақшабөбекжайы» КМҚК**
**директоры**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҮШ ТІЛДІҢ НЕГІЗГІСІ

***Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынов бастаған ұлт зиялылары ана тілімізді түрлеуге, ғылыми негіздеуге үлкен үлес қосты. Кеңес үкімет тұсында бірыңғай орыстандыру саясатының салқыны айтарлықтай ықпал етсе де, қазақ әдеби тілі көркем, бай қалпында бүгінге жетіп отыр. Татар ақыны Хасан Туфан «Сырлы тіл, жырлы тіл, нұрлы тіл – қазақ тілін ғасырлар бойында қастерлеп сақтағандарыңыз үшін, қазақ бауырлар, сіздерге рақмет» деген еді.***

Соңғы уақытта көп айтылып жүрген «Үш тұғырлы тіл» идеясының негізі: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Басқаша айтқанда, үш тұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Үш тілді игеру – өте күрделі психологиялық құбылыс. Көптеген қазақ зиялылары бұл жобаға сын көзбен қарап, мемлекеттік тілдің дамуына кедергі болатын үрдіс деп танады. Дей тұрғанмен, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің сұхбатында бұл мәселенің түйінін шешіп берді. Қазақ тілі екі халықаралық тілдің көлеңкесінде қалмай ма деген күдікті «қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оған көңіл де, қаржы да солай бөлінеді», – деп сейілтті. Бұдан мемлекеттік тілге деген қамқорлық ерекше екенін байқаймыз.

Айта кетелік, үш тұғырлы тіл – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Өйткені, қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып «ақылды» экономикаға енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Ал бұл бағыттағы толайым табыстарға, ілім-білімге алып барар жол – ғаламдардағы үстемдік құрған тілдерді үйрену. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Қазақстан үшін үш тұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілігін ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше елде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шет елдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Үш тұғырдың орыс тілін қазақ халқының жаппай еркін меңгеруі – біздің байлығымыз. Ұлы Абай «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де ғылым да – бәрі осы орыста тұр. Залалынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады», – деген сөзі ең маңызын жойған жоқ.

Қандай да бір ұлт өз мақсат-мүддесіне ұлттық мәдениетін, ұлттық ой-санасын, ұлттық дәстүрін сақтап, дамыта отырып қана әлемдік өркениетке үлесін қоса алады. Өркениет өнегесі – өз тіліңмен өмір сүру. Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде алдымызда үш тілді білу міндеті тұр. Олай болса, бүгінгі Қазақстан азаматтарының парызы – өзге тілдің бәрін меңгеріп, мемлекеттік тілді құрметтеу деп білемін!

**Мөлдір ДҮЙСЕН**

АЛҒЫС

# ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫСҚАН

***жезқазғандықтарға мың алғыс***

***Қазақ халқында «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген қанатты сөз бар. Бүгін қолыма қалам алуға жылағанды жұбатып, құлағанды сүйейтін жезқазғандықтардың жақсылардың игі істері түрткі болды.***

«Қайғыны бөліссең азаяды» дегенді өмірлік ұстанымы етіп тағдыр тәлкегімен қиындыққа тап болған жандарды қолдауға асық тұратын азаматтар баршылық. Көп балалы аналарға, жағдайы төмен отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қарайласып, жоғын жоқтап, жыртығын жамап жүрген жомарт жандардың бірі осы қасында Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Лайла Әлкебаева жүр. Қамқорлықты адамдық борышы санайтын аға ұрпақтың тәлімін көрген жастар да жаман болмайтыны анық. Бұл сөзіме Жезқазған жастар ресурстық орталығының ұжымы Ізтөлеу Түсіпов, Мирас Мақыбас пен Айдос Ыбыраш, «Бірлік» волонтерлар клубының белсенділері дәлел. Олар аптаның жеті күнінде де қам көңіл жандардың жанынан табылуға даяр.

Бүгін қолында барымен бөлісіп қана қоймай, жылы сөзбен жанымызды жадыратып жүрген ел азаматтарына алғыс айтудың реті келіп отыр. Хал-жағдайымды біліп, мерекеде тәттісін алып, құттықтап келетін барша жанашырларыма жоғарыда есімдері аталған тұлғаларға, «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы «Jastar bolashak» жастар ұйымына, Жезқазған бизнес және көлік колледжі мен №1 орта мектептің мұғалімі Аида Бозаева бастаған 6 «Б» сыныптың ата-аналарына, «Ақсауыт» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абзал Әбжаппаров пен «Зекет» қайырымдылық қорының екілі Айтжан қажыға, жедел жәрдем қызметі мен «Шұғыла» дүкенінің ұжымына, сондай-ақ өзім тұратын Жеңіс көшесіндегі 13-үйдің тұрғындары, көршілеріме ризашылығымды білдіремін. Басыма түскен сынақка мойымайтындай күш-жігер беретін осындай үлкен жүректі қамқоршыларымның бастарына амандық, отбастарына береке, еліміздің дамуы жолындағы еңбектеріне жеміс тілеймін.

**Жанар ЖАХМЕТБЕКОВА,**
**І топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматша**

ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ДЕГЕН НЕ?

Интеллектуалдық меншік – және бұл тауарлар, жұмыстар немесе қызметтердің азаматтық айналымына қатысушыларды дараландыру құралдары және зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері. Басқаша айтқанда интеллектуалдық меншік екі түрге бөлінеді: бірінші – бұл өнер туындысы, шығармашылық және ғылыми әзірлемелер, ноу-хау, екінші түрі компания немесе тұлға басқалардан ерекшелене алатын тауарлық белгілер, логотип, ұран және т.б. Бұл сияқты сыныптама **Азаматтық кодекстің 961-бабында** көрсетілген.

**Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелеріне мыналар жатады:**

- ғылым, әдебиет және өнер туындылары;
- эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының орындаушылығы, қойылымдары, фонограммалары мен хабарлары;
- өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер;
- селекциялық жетістіктер;
- интегралдық микросызба топологиялары;
- ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау);

Азаматтық Кодексте немесе өзге де НҚА көзделген реттерде интеллектуалдық шығармашылық қызметтің басқа да нәтижелері жатады.

**Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына:**

- фирмалық атаулар;
- тауарлық белгілер (қызмет көрсету белгілері);
- тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары (шығатын жерін көрсету);

осы Кодексте және заң актілерінде көзделген реттерде азаматтық айналымға қатысушылардың, тауарлар мен қызмет көрсетулердің басқа да дараландыру құралдары (логотип, ұран) жатады.

**Жезқазған қаласының ауданаралық**
**әділет басқармасы**

КОНКУРС

# БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ «ПАРЫЗ» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» №523 Жарлығына сәйкес, Қазақстанның жеке кәсіпкерлік нысандарының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік үрдістерін қалыптастыру мен ілгерілету және оларды осы саладағы ең үздік тәжірибені игеруге ынталандыру мақсатында жыл сайын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізу белгіленді.

Үміткерлер тұтас алғанда қоғамның, оның ішінде жеке кәсіпкерлік нысаны кәсіпкерлерінің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған, өздерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік растайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға тиіс.

**Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы төмендегі номинациялар бойынша өткізіледі:**

1) **«Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын»** (номинациясында өз персоналын қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекақының және әлеуметтік төлемдердің төлеуді, еңбекті қорғау, кадрларды кәсіби даярлау мен қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру және тағы басқалар) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады);

2) **«Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын»** (номинациясында тұтас алғанда қоғамның және атап айтқанда, өз ұйымы қызметкерлерінің еңбекті қорғау саласында бағытталған бағдарламаларды іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады);

3) **«Үздік ұжымдық шарт»** (номинациясында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады).

4) **«Экологияға қосқан үлесі үшін»** (номинациясында талапкердің корпоративтік әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігін ұстанымдардан жоғары нәтежеге жеткен қызметі қаралады)

Қазақсан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығымен бекітілген бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізу ережесі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің веб-сайтында жарияланған (www.enbek.kz.).

Конкурс жөнінде толық ақпаратты: **Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 43/7**, «Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының» **(87212) 41-17-07** телефонына хабарласып немесе **Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвары 39 А, «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің» 763323** телефонына хабарласып **sektor_zan@mail.ru** электронды поштасы **арқылы** алуларыңызға болады.

«Парыз 2021» конкурсына қатысуға сұраныстар **2021 жылдың 1 шілдесіне** дейін қағаз және электронды түрде қабылданады.



**Күллі мадақ пен мақтауларға лайық әлемнің жаратушысы Алла Тағала мұсылмандарға адамзаттың ең таңдаулы құрмет пен тағзымға лайық тұлғасы, Пайғамбар Мұхаммед (соллалаһу алейһи уәссәләм) арқылы парыздарын бекітті. Исламның бес парыздың бірі – зекет. Зекет сөзінің тілдік мағынасы берекеттену, өсу, көбею, тазалану деген мағыналарды береді.Ал зекеттің шариғаттағы мағынасы: қоғамдағы мұқтаж адамдарға қаржыны (мүлікті) риясыз (көрсетусіз, көзбояушылықсыз) көмек ретінде нисабқа (белгілі бір мөлшерге) жететін байлыққа ие болған адамның байлығының белгілі бір бөлігін жылына бір рет Алла Тағаланың ризалығы үшін беруі.**

Имандылық ірімдері

# ЗЕКЕТ – БЕС ПАРЫЗДЫҢ БІРІ



Әрбір мұсылман баласы Аллаға иман ету, намаз оқу, ораза ұстау, жағдайы бар адамға қажылықты орындау парыз болса, сол сияқты зекет беру де парыз болады. Қасиетті Құран Кәрімде Алла Тағала: «Намаз оқы және зекет бер», – деген аяттарында намаз оқып, Аллаға ғибадат жасай отырып, зекет беруді мұсылмандарға парыз екендігі жайлы айтылады. Тек Алланың парыздарын орындап, шариғат үкімдерін білген және күнә болған нәрселерден өзін аулақ ұстап, адалдыққа жақын болған пенде құдыреті күшті Алла Тағаланың алдында басқалардан жоғары және құрметті. Өйткені Құран Кәрімде: «Алла Тағаланың алдында сендердің құрметтілерің тақуа (Алладан қорыққан, парыздарын орындаған және күнә атауына алыс болған пенде) болғандарың»,– деген. Сондықтан зекет беру арқылы тақуалығымызды күшейтіп, Алла рахметіне бөлене аламыз. Зекет – бақытқа апаратын бастаулардың бірі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Зекет – Исламның көпірі», – деп, әлеуметтік өмірдегі табиғи түрде бай, кедей деп бөлінгендердің зекет арқылы бір дастарқан басына жиналатындығын ишарат еткен. Зекет пәле-жаладан, апаттан, ауру-сырқаудан сақтайды. Байлықтың талан-таражға түсіп, жоғалып кетуіне тосқауыл болып, берекесін арттырады. Пайғамбарымыз: «Садақа беру ешқашан байлықты кемітпейді» деп айтқан. Зекет бұл – мал-дүниемен жасалатын ғибадат. Адам баласына осы дүниедегі байлық, кедейлік, жоқшылық, ауру-сырқат және көптеген тағы да басқа кеңшілік пен ауыртпалықтар бұл Алла Тағаланың берген сынағы деп білуіміз қажет. Егер бізге Алла Тағала байлық берсе, Жаратушы иеміз бізді жақсы көреді деп немесе жоқшылық жағдайда Аллаға мойын ұсынбауы пендешілік. Қандай жағдайда болмасын осы дүниедегі қуаныш пен қиыншылыққа сабыр етіп, Аллаға иман келтіруіміз мұсылман адамның міндеті. Зекет – тек материалдық көмек беру емес, ол ең әуелі мұсылманға жүктелген үлкен ғибадат – деп білуіміз қажет. Зекет төлеудің бірнеше пайдалары бар.

1. Зекет беру дүние – мүлкіңізге берекет беріп, арттырады.

2. Күнәларды кешіруге мүмкіндік беріп, Алла Тағалаға жақындатады.

3. Сараңдық, дүниеқұмарлық, өзімшілдік сияқты жаман қылықтардан алыстатып, жомарттық пен кеңпейілдікке тәрбиелейді.

4. Зекет пәле – жаладан, ауру-сырқаттан сақтайды.

5. Зекет қоғам ішінде адамдардың әлеуметтік жағдайларының жақсы болуына жағдай жасайды.

6. Зекет – қоғамдағы ұрлық-қарлық, алдау, адам тонау, кісі өлтіру сияқты қылмыстардың болмауына бөгет жасайды.

7. Зекет бай мен кедей арасын жақындатып, бір-біріне деген өшпенділікті жояды. Адамдар арасын жақындатып, алауыздықты кетіреді.

Жалпы, мұсылман өміріндегі барлық ережелер мен қағидалардың қайнар көзі – Құран мен сүннет екендігі сөзсіз. Кімде-кім зекет ғибадатын парыз деп қабылдамаса, діннен шығады. Ал, парыздығын қабылдап, алайда орындамаса күнәһар болады. Зекеттің белгілі бір адамға парыз болуы үшін төмендегі шарттардың орындалуы тиіс.

**1. Мұсылман болуы.** Басқа ғибадаттар сияқты зекет ғибадатында да беруші адамның ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен, азат мұсылман болуы шарт.

**2. Нисап көлеміне жететін немесе одан да көп байлыққа ие болу шарт.** Зекеттің парыз болуы үшін күнделікті тіршілікте қолданылатын негізгі қажеттер мен қарыздардан тыс, нисап көлеміне жететін байлыққа ие болуы керек. Нисап дегеніміз – зекетті парыз ететін белгілі байлық мөлшері.Зекеті берілетін байлықтың түрлері мен зекет беруді парыз ететін нисап көлемі

Алтында: жиырма динар, яғни, 85 грамм

Күмісте: екі жүз дирһам, яғни, 595 грамм

Түйеде: бес

Сиырда: отыз

Қой мен ешкіде: қырық

Сауда заттарында: 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құнына тең болса.

Ақшада: 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құнына тең болса, таза табысынан 2,5% ақшалай зекетін береді. Бау-бақша және егіс өнімдері. Жер жалға алынса да, алған өнімдерінің зекеті беріледі. Жерде өсетін барлық өнім түрлерінен маусымдық жауын, өзен сулары арқылы суарылса 10/1 бөлігі зекетке алынуы тиіс. Қолмен немесе шелек, яки қандай да бір құрылғы арқылы суарылатын өнімнің оннан бір бөлігінің жартысы, яғни 20/1 бөлігі зекетке алынады.

***Күнделікті тіршілікте қолданылатын негізгі қажеттерге нелер жатады?***

Тұратын үйі, үй жиһаздары мен аспаптары;

Ғылым адамдарының кітаптары мен өнер адамдарының аспаптары;

Өзі және әйелі, балаларына жететен бір айлық (басқа бір риуаятта бір жылдық) азық-түліктері;

Өзі және отбасының киетін киімдері;

Дәрі-дәрмектер. Дінімізде денсаулықты сақтау парыз саналғандықтан отбасыға, күтімге міндетті адамдарға қажетті дәрі-дәрмек, емхана қаржылары негізгі қажеттіліктерге саналып, олардан зекет алынбайды. Егістікпен, шаруашылықпен айналысатын адамдардың трактор, комбайн сияқты құралдары мен аспаптарынан зекет алынбайды. Бірақ бұл құралдармен басқаларға жұмыс істеп, ақша табатын болса, тапқан ақшадан зекет алынады. Зекеттің парыз болуы үшін малға бір жыл толуы керек дедік, бірақ пақыр кедей-кепшіктердің жағдайын ойлап, бір жыл толмай да зекет бере беруге болады. Бірақ бір жылда екі рет зекет берілмейді.

Жалпы ғибадаттар сияқты зекетте де ниет ету шарт. Пайғамбарымыз: «Барлық амалдар ниетке байланысты», – деген. Зекет тек қана Алла ризашылығы үшін берілуі тиіс. Зекетті адамдарға көрсету немесе мақтану үшін беруге болмайды. Егер берген зекетін міндетсініп мақтанатын болса Алланың алдында қабыл болмайды. Құранда зекет беретін топты «Тәубе» сүресінің алпысыншы аятында сегізге бөлген.

«Шын мәнінде садақалар (зекеттер), кедей-кепшіктерге, түгі жоқ міскіндерге, зекетті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері жібітілуі мақсат етілгендерге (жаңа мұсылмандарға), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Аллаһ тарапынан парыз етілді». Бұл аятта айтылған сегіз топты былай бөлуге болады:

1. Пақырлар. Пақыр деп нисап мөлшеріне жететін байлығы жоқ адамдар саналады.

2. Міскіндер. Міскін – еш нәрсесі жоқ адам. Адамдардан өзіне тамақ пен киім сұрап қайыр тілейтіндерді айтып отыр.

3. Зекет жинауға тағайындалған арнайы адамдар. Зекеттің жиналуы, сақталуы үшін мешіт тарапынан тағайындалған адамдарға айлық ретінде беріледі.

4. Муәллафатул-куллуб. Ислам дінін жаңадан қабылдаған иманы әлсіз адамдардың, тіпті әлі Исламды қабылдамаған кейбір адамдардың көңілін жібіту үшін Пайғамбарымыз (с.ғ.с) кедей болсын, ауқатты болсын, оларға зекеттен белгілі есе беріп отырған. Бірақ Хазреті Омар дәуірінде бұл топқа берілетін зекет тоқтатылған. Тоқтатылуының басты себебі, Ислам дінін Алла дүниеге қанат жайып қуаттанғаннан кейін бұлардың көңілін Исламға жібітіп, жаманшылықтарынан сақтанудың қажеті болмай қалуында еді. Бірақ, кейбір ғалымдардың пәтуасына сүйенсек, қажет болған жағдайда, қайтадан бұл топқа беруге болады.

5. Құлдар. Қожайынан азат болу үшін белгілі ақшаға келіскен құлдарға зекет беріледі. Ескерту: қазіргі қоғамда құлдардың жоқ болуы себепті ғалымдар алтыншы тармаққа қосуға болады деген.

6. Қарызға батқандар. Қарызынан тыс нисап мөлшеріндегі малға ие болмаған немесе басқа біреуде қарызы болып, бірақ қайтарып алу мүмкін болмағандар «қарызы бар адамдардың» тобына жатады. Пақырға зекет бергеннен гөрі қарызынан қиыншылық көріп жатқан адамдарға зекет беру абзал.

7. Аллаһ жолындағылар. Бұл топқа Аллаһ ризалығы үшін ілім іздеушілер (медреселер мен діни оқу орындарының түлектері), жастарымызды имандылық, адалдық, адамгершілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеу үшін, жалпы қоғамға пайдасы бар қайырлы істер үшін бар күштерін салып еңбек етушілер кіреді.

8. Қаржылары бітіп, жолда қалғандар. Бұларға негізі тұрғылықты жерлерінде ақшалары барлар жатады, яғни бай болса да, оларға зекет беріледі (қажылар, ілім іздеушілер, т.б).

Зекет мұсылмандар арасын біріктіріп, қоғам арасын тепе-теңдікті сақтап, Алланың хақ діні Исламның дамуына көп үлесін қосады. Көбінесе байлық бұл адам үшін Алла Тағаладан берілген үлкен нығмет және сынақ, егер осы байлықты Алла жолында жақсылыққа жұмсайтын болса сауабы шексіз, ал егер жамандыққа, күнә жұмыстарға жұмсайтын болса оның жазасы ауыр болатыны сөзсіз. Сондықтан Алла Елшісі (с.ғ.с): «Сендердің ең жақсыларыңыз басқаларға пайда келтіргендерің», – дейді. Шамамыз келгенше көрші-қолаңға, кедей-кепшікке, жоқ-жетімге қол ұшымызды беріп қарайласатын болсақ Алланың мейірім шапағатына бөленеміз. Сол себепті Алланың құлы ең алдымен Жаратушы Ие Алла Тағала иман етіп, бұйырған әмірлерін орындап, күнә жұмыстардан алыс болып, адал еңбекпен ризық табатын болса, ризықты Алла береді.

Дана халқымыз: «Қой егіз туса, бір шөп артық шығады»,– деген. Сондықтан Аллаға шүкіршілік етіп, еңбек жасайтын болсақ, иншалла, бәрі жақсы болады. Алла Тағала Ислам жолында жасаған көмектеріңізді, зекеттеріңізді қабыл етсін. Алла Тағаладан жұмыстарыңызға, мал-мүліктеріңізге берекет, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, екі дүниенің бақытын сіздерге тілейміз.

**Нұрперзент ОМАРОВ,**
**Ахмет ишан Оразайұлы атындағы Жезқазған мешітінің бас имамы**

## 2021 ЖЫЛҒЫ МАМЫР АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

***Жезқазған қаласының уақыты бойынша***

| Мамыр | Күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сенбі | 04:30 | 06:09 | 13:29 | 18:32 | 20:45 | 22:24 |
| 2 | Жексенбі | 04:27 | 06:07 | 13:29 | 18:33 | 20:46 | 22:26 |
| 3 | Дүйсенбі | 04:25 | 06:05 | 13:29 | 18:34 | 20:47 | 22:28 |
| 4 | Сейсенбі | 04:23 | 06:04 | 13:29 | 18:35 | 20:49 | 22:30 |
| 5 | Сәрсенбі | 04:21 | 06:02 | 13:29 | 18:35 | 20:50 | 22:32 |
| 6 | Бейсенбі | 04:18 | 06:01 | 13:29 | 18:36 | 20:52 | 22:34 |
| **7** | **Жұма** | **04:16** | **05:59** | **13:29** | **18:37** | **20:53** | **22:36** |
| 8 | Сенбі | 04:14 | 05:58 | 13:29 | 18:38 | 20:54 | 22:39 |
| 9 | Жексенбі | 04:12 | 05:56 | 13:29 | 18:39 | 20:56 | 22:41 |
| 10 | Дүйсенбі | 04:10 | 05:55 | 13:29 | 18:39 | 20:57 | 22:43 |
| 11 | Сейсенбі | 04:07 | 05:53 | 13:29 | 18:40 | 20:58 | 22:45 |
| 12 | Сәрсенбі | 04:05 | 05:52 | 13:29 | 18:41 | 21:00 | 22:47 |
| 13 | Бейсенбі | 04:03 | 05:51 | 13:28 | 18:42 | 21:01 | 22:49 |
| **14** | **Жұма** | **04:01** | **05:49** | **13:28** | **18:43** | **21:02** | **22:51** |
| 15 | Сенбі | 03:59 | 05:48 | 13:29 | 18:43 | 21:03 | 22:53 |
| 16 | Жексенбі | 03:57 | 05:47 | 13:29 | 18:44 | 21:05 | 22:55 |
| 17 | Дүйсенбі | 03:55 | 05:46 | 13:29 | 18:45 | 21:06 | 22:57 |
| 18 | Сейсенбі | 03:53 | 05:45 | 13:29 | 18:46 | 21:07 | 23:00 |
| 19 | Сәрсенбі | 03:51 | 05:43 | 13:29 | 18:46 | 21:09 | 23:02 |
| 20 | Бейсенбі | 03:49 | 05:42 | 13:29 | 18:47 | 21:10 | 23:04 |
| **21** | **Жұма** | **03:47** | **05:41** | **13:29** | **18:48** | **21:11** | **23:06** |
| 22 | Сенбі | 03:45 | 05:40 | 13:29 | 18:48 | 21:12 | 23:08 |
| 23 | Жексенбі | 03:43 | 05:39 | 13:29 | 18:49 | 21:13 | 23:10 |
| 24 | Дүйсенбі | 03:41 | 05:38 | 13:29 | 18:50 | 21:14 | 23:12 |
| 25 | Сейсенбі | 03:40 | 05:37 | 13:29 | 18:50 | 21:16 | 23:14 |
| 26 | Сәрсенбі | 03:38 | 05:36 | 13:29 | 18:51 | 21:17 | 23:16 |
| 27 | Бейсенбі | 03:36 | 05:35 | 13:29 | 18:52 | 21:18 | 23:17 |
| **28** | **Жұма** | **03:35** | **05:35** | **13:29** | **18:52** | **21:19** | **23:19** |
| 29 | Сенбі | 03:33 | 05:34 | 13:30 | 18:53 | 21:20 | 23:21 |
| 30 | Жексенбі | 03:32 | 05:33 | 13:30 | 18:54 | 21:21 | 23:22 |
| 31 | Дүйсенбі | 03:31 | 05:32 | 13:30 | 18:54 | 21:22 | 23:23 |

***Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.***

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ҚАЗАҚША ШАПАН – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

***Соңғы кездері ұлттық нақышта тігілген киімдердің сәнге айналып, оны Наурыз секілді мерекелерде ғана емес, жәй күндері, тіпті жұмысқа кию үрдісі қалыптасып келеді. Көбіне әйелдердің ою-өрнекті, көз тартар көйлектері әлеуметтік желілерде де, дүкендерде де бірден көзге түседі. Ал ер-азаматтар көбіне өздері тапсырыс беріп тіктіріп жүр. Өйткені ерлерге арнап ұлттық нақыштағы киімдер тігіп жатқан ісмерлер жайлы көп ести бермейміз. Алайда ерлердің еңсесін тіктеп, ел алдында сымбатты болып жүруіне үстіндегі киімі де әсер етпей қоймайды. Бұл бағытта «Elzhan» ерлер киімі бренді жоғарыда атап кеткен олқылықтың орнын толтырып келеді. Аталған брендтің негізін қалаушы әрі имам, әрі тәуелсіздік құрдасы Қажымұқан ЕЛЖАНМЕН сұхбаттасудың сәті түскен-ді.***



***– Алдымен өзіңізді оқырмандарымызға таныстырып кетсеңіз. Қай жерде дүниеге келдіңіз, қайдан білім алдыңыз?***

– Еліміз Тәуелсіздігін алған 1991 жылы қазіргі Түркістан облысының Мақтарал ауданында дүниеге келдім. Алматыдағы Нұр-Мүбарак университетінде исламтану мамандығы бойынша білім алдым. Сол жерден магистратура тәмамдадым. Тәжірибе алмасу мақсатында Мысырдағы әл-Азһар университетінде білімімді жетілдірдім. Қазіргі таңда Алматы облысының Талғар аудандық мешітінде бас имамы және ҚМДБ діни оңалту бөлімінің Алматы аймағы өкілдігі бойынша жауапты маманы қызметіндемін.

***– Ұлттық нақыштағы киім тігуді қашан қолға алдыңыз? Бұл кәсіпті бастауға не түрткі болды?***

– «Elzhan» ерлер киімін тігуді 2020 жылдың басында қолға алдық. Осы кәсіпті бастаудың, ұлттық нақыштағы ерлер киімін тігудің бірнеше себебі бар. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде: «Алушы қолдан, беруші қол жақсырақ» деген. Алушылар емес, берушілер қатарынан болайық деген ниет бізді осы кәсіпке жетеледі. Ұлттық құндылықтарды насихаттау, ұлттық нақыштағы киімдерді жоғары сапада өндіріп, төмен бағада халыққа ұсынуға тырысып келеміз. Бір-бір шаңырақтың иесі, тірегі болып отырған бауырларымыз мұндай киімдерді мереке күндері ғана емес, күнделікті жұмысқа, көшеге, қонаққа киіп бара алса деген асыл ниетіміз осы кәсіпті бастауға сеп болды.



***– «Elzhan» бренді несімен ерекшеленеді?***

– Дайын өнімді халыққа уақытында ұсынумен ерекшеленеді. Басқа киім өндірушілер тапсырыспен киім тігеді әрі оны дайындауға бірнеше апта жұмсайды. Ал бізде керісінше, киімдер әлемдік стандарттарға сай өлшемдер бойынша алдын-ала дайындалады. Бүгін тапсырыс берілсе, ертең немесе ең аз уақыт ішінде Қазақстанның кез келген аймағына жеткізіп береміз.

***– Имамдық қызмет пен кәсіпкерлікті қатар алып жүру қиын емес пе?***

– Екеуі де өзіме ұнайды, жаныма жақын. Жамағатқа дінді үйрету, намаз, Құран үйрету, жас жұбайлардың некесін қиып, нәрестелердің құлағына азан айтып ат қою, қайғы жамылған жандардың жанынан табылып, сабырға шақыру, насихат айту, жаназа намазын өткізу, яғни халықтың қуанышына ортақтасып, қайғысын бөлісіп, үнемі ортасында жүру менің табиғатымда бар нәрсе.

Сондай-ақ ұлттық нақыштағы заттарды тұтыну, киімдерді киюді жаным сүйеді. Сол себепті имамдық қызметіме басымдық беріп, кәсіп тұралап қалады немесе кәсіппен айналысып, имамдық қызметім ақсап қалады деген түсінік жоқ. Әрқайсысына уақыт табамын. Оның үстіне кәсіпте менен бөлек жауапты мамандар, атап айтқанда, директор, маркетолог, таргетолог, сатушы, нарықты бақылап отырған мамандар бар. Мен тек алыстан бақылап, қадағалап отырамын. Сондықтан имамдық пен кәсібім бір-біріне кедергі келтірмейді. Біреуге өзімді дәлелдеу үшін емес, имамдардың да кәсіппен айналыса алатынын, басқа қырынан көрінуге құқылы екенін көрсеткім келді.

Бұрын өзім де имамдар тек имамдық қызметін атқару керек деп ойлайтынмын. Кейін тұлғалық дамуға қатысты мотивациялық, бизнес кітаптарын оқып-таныса келе, өзімнің басқа да қырымнан көріне алатыныма көзім жетті.

***– Әлемдік пандемия, елдегі карантин жағдайында көбі кәсібін тоқтатса, сіз керісінше бастап кетіпсіз. Бұл ағысқа қарсы жүзу ме?***

– Әрине, пандемия кезеңі бәрімізді толғандырды. Бірақ «Бісміллә» деп бел буып кіріскеннен кейін, артқа шегіну жоқ. Бір жағы өнімдерді шығарғанымызда қазақ қоғамының осы нәрседе сусап тұрғаны, құрғақ жер суды өзіне қалай сіңіріп алса, елдің де ұлттық құндылыққа деген сағынышы бірден сезілді. Себебі тұтынушылардың сұранысын тауып бере алмай қалған жағдайлар болды. Қазірге дейін өнімдерімізді алу үшін айлап кезекте тұрғандар да бар.

***– Киімді кімдер тігеді? Стиль, дизайн қалай қалыптасты?***

– Өзіміздің арнайы цехымыз бар. Киімдер сонда тігіледі. Әңгіме басында айтқанымдай, киімдер тек дайын күйде сатылымға шығады. Отандық танымал дизайнерлердің ақыл-кеңесімен қазақы нақыштағы шапандарды заманауи үлгі де, ұлттық реңкін жоғалтпай жасап шығардық. Сондай-ақ нарықты, заманауи киім үлгілерін бақылап, саралай келе, «Elzhan» брендінің ерлерге арналған шапаны мен кеудешесі (двойка) бір-екі рет дайындалды. Көңілден шыққан соң сатылымға енді ғана қойылып жатыр. Алла нәсіп етсе, елімізде ғана емес, әлемде, дүниежүзі халықтарының ұлттық киімдері насихатталатын орталарда таныстырсақ деген мақсат-мұратымыз бар.

***– Насихат демекші, өнімдеріңіз өнер жұлдыздарының көңілінен шыққан секілді. Солай ма?***

– Брендтің қалыптасып, киімдеріміздің сатылымға шыққаны күні кеше ғана. Аллаға шүкір, осы қысқа уақыт ішінде көптеген клиентіміздің көңілінен шығып, ризашылығын білдірді. Олардың қатарында елге танымал өнер, спорт жұлдыздары да бар. Кәсіпқой бокстан ел намысын қорғап жүрген Айдос Ербосынұлы бауырымыз шетелге шыққанда киіп жүр. Түркияның бір оқу орнында сабақ беретін түрік оқытушы арнайы тапсырыспен шапанымызды алдырды. Оңтүстік Корея мен Түркияның бірнеше қаласында жұмыс істеп, білім алып жүрген бауырларымыз да біздің киімдерді сатып алды.

***– Әңгімеңізге рақмет!***

**Сұхбаттасқан Ермұрат НАЗАРҰЛЫ**
*«Мұнара» газеті, №6, 2021 жыл*

## DÚISENBI
## 3 MAMYR

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазынаthe Қазақстан». 6:30 «Másele». 7:00 «Робинзон Крузо». М/ф. 8:20 «Әндер мен жылдар». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Ән мен әнші». 14:10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15:10 «Apta». Сараптамалық бағдарлама. 16:00 «Әзіл әлемі». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 «Түркістан - достық мекені». 21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». 22:30 «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ». 0:10 «Тәуіп Хо Жун». 1:00 «Жүзден жүйрік». 2:30 «Meniń Qazaqstanym». 2:55 «Másele».

**ХАБАР**

6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 11:00 «Күләш». 13:15 «Егіз жүрек». 15:00 «Dimash Show. Dears әлемі». 16:00 «Dimash Show. Жаңғыру». 17:00 «Отчий берег». 18:00 «Загнанный». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир. 21:00 Итоги дня. 21:30 Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған «Шаңырақ» жобасы. 23:30 «Офицерские жены». 0:30 «Остаться в живых». 1:30 «Әсем әуен».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 7:30 Союзмультфильм. 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «Үздік әзілдер». 15:30 «Маша и медведь». 16:00 «Такси 2». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 Үздік әндер. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 Үздік әндер. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Алмасай». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН". 07.40 "МӘССАҒАН". 08.30 "ҚАСИЕТТІ МАҢҒЫСТАУ". 09.20 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 10.10 "ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ". 10.45 "ХОЧУ БЫТЬ СЧАСТЛИВОЙ". 14.20 "ПЕРЕВЕРНИ СТРАНИЦУ". 16.10 "Ф.И.Л.И.Н". 18.00 "АМАНАТ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "ХОРОШИЙ ПАРЕНЬ". 23.35 "ЧУМА". 01.15 "Ф.И.Л.И.Н". 02.05 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.50 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 03.50 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.30 «Айна-online». 07.30 Скетчком Q-елі. 09.00 «Удивительные люди». 10.45 «Красавица и чудовище». 13.00 «Серт пен сезім». 15.00 «Құтты қонақ». 15.30 «Зың-зың Күлпәш». 16.15 «Конан Варвар». 18.20 «Вдова». 19.20 «Куба». 21.00 «НяняMan». 21.30 «ИзолӘция». 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Вдова». 01.00 Последний легион». 03.00 Скетчком Q-елі. 03.30 «Ұлы Дала жанұясы». 04.30 «Айна-online». 05.00 «Жеңіп көр».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:30 Мультфильм. 12:00 Информационный блок. 12:20 Фильм. 13:40 What*s Up? 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Мультфильм. 17:05 Фильм. 18:00 Передача. 18:20 Информационный блок. 18:30 Фильм. 20:00 Передача. 20:20 Информационный блок. 20:30 Фильм. 22:00 Информационный блок. 22:10 Фильм. 23:40 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 «Армагеддон». 08:00 «What's Up?». 08:40 «Колдунья». 11:00 «Ананди». 12:30 «Күн әміршісі». 14:10 «Иван Царевич и Серый Волк 3». 16:00 Геракл: Начало легенды». 18:00 «Боги Египта». 20:30 Тайна печати дракона». 23:00 «Двухсотлетний человек». 01:30 «Кел татуласайық». 03:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 04:00 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## SEISENBI
## 4 MAMYR

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ұлы дала дүбірі». 6:25 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Қызық екен...» 13:00 AQPARAT. 13:10 «Ахмет Ясауи». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир. 15:00 «Жүзден жүйрік». 16:00 «Ауылдастар». 16:35 «ЖАН ЖЫЛУЫ». 17:00 AQPARAT. 17:20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». 22:30 «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ». 23:20 «Тәуіп Хо Жун». 0:15 AQPARAT. 0:50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/2 финал. «МАНЧЕСТЕР СИТИ» (Англия) - ПСЖ (Франция). Тікелей эфир).

**ХАБАР**

6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 10:15 «Қолда я жолда». 12:15 «Дала қырандары». 13:15 «Егіз жүрек». 15:00 «Бүгін». Тікелей эфир. 16:00 «Асыл қазына». 17:00 «Отчий берег». 18:00 «Ценный груз». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир. 20:50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда». 23:30 «Офицерские жены». 0:30 «Остаться в живых». 1:30 «Әсем әуен».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 7:30 Союзмультфильм. 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «Такси 2». 16:00 «Үздік әзілдер». 16:30 «Ханзада Жумонг». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. Прямой эфир. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Алмасай». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**

06.00 «Қуырдақ». 06.30 «Айна-online». 07.30 Скетчком Q-елі. 08.30 «Құтты қонақ». 09.00 «Удивительные люди». 11.00 «Куба». 13.00 «Серт пен сезім». 15.00 «Құтты қонақ». 15.30 «НяняMan». 16.00 «Крепостная». 17.00 «Психологини». 18.20 «Вдова». 19.20 «Куба». 21.00 «НяняMan». 21.30 «ИзолӘция». 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Вдова». 01.00 «Крепостная». 02.00 «Психологини». 03.00 Скетчком Q-елі. 03.30 «Ұлы Дала жанұясы». 04.30 «Айна-online». 05.00 «Жеңіп көр».

**7-АРНА**

06.00 Профилактика. 17.00 «Психологини». 18.20 «Вдова». 19.20 «Куба». 21.00 «НяняMan». 21.30 «ИзолӘция». 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Вдова». 01.10 «Крепостная». 02.10 «Психологини». 03.10 «Ата-ана.Бала-шаға». 04.00 Скетчком Q-елі. 04.30 «Айна-online». 05.10 «Жеңіп көр».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 17:00 Кел татуласайық. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайық. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:30 «Армагеддон». 08:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 09:50 «Экстрасенсы детективы». 11:00 «Ананди». 12:10 «Двухсотлетний человек». 15:20 «Экстрасенсы детективы». 16:30 «Такси». 17:00 «What's Up?». 17:30 «Тайна печати дракона». 20:00 Информбюро. 21:00 «Повелитель солнца». 22:20 «Чужой». 23:30 «Ананди». 01:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## SÁRSENBI
## 5 MAMYR

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ұлы дала дүбірі». 6:25 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын». 13:00 «Қызық екен...» 2:50 AQPARAT. 12:00 «Ахмет Ясауи». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир. 15:00 «Жарқын жүздесу». 16:00 «Ауылдастар». 16:30 «АЛТАЙ ТАБИҒАТЫ». 17:00 AQPARAT. 17:20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». 22:30 «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ». 23:20 «Тәуіп Хо Жун». 0:15 AQPARAT. 0:50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/2 финал. «ЧЕЛСИ» (Англия) - «РЕАЛ МАДРИД» (Испания). Тікелей эфир. .

**ХАБАР**

6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 10:15 «Қолда я жолда». 12:15 «Дала қырандары». 13:15 «Егіз жүрек». 15:00 «Бүгін». Тікелей эфир. 16:00 «Асыл қазына». 17:00 «Отчий берег». 18:00 «Игра смерти». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Индустрия». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда». 23:30 «Офицерские жены». 0:30 «Остаться в живых». 1:30 «Әсем әуен». .

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 7:30 Союзмультфильм. 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Айдаһарлар шайқасы». 14:00 «Эпоха достижений». 14:15 «Маша и медведь». 14:50 «Интерны». 15:30 «Үздік әзілдер». 16:30 «Ханзада Жумонг». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 6/49. Прямой эфир. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Алмасай». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.35 "ТАЛИСМАН". 07.45 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 08.40 "УЛЫ ТАМШЫЛАР". 09.50 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 10.10 НОВОСТИ . 10.50 "БЫЛО ДЕЛО". 12.30 "ЧУМА". 14.10 "ХОРОШИЙ ПАРЕНЬ". 16.10 "Ф.И.Л.И.Н". 18.00 "АМАНАТ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "ЕСЛИ ТЫ МЕНЯ ПРОСТИШЬ". 23.35 "ЧУМА". 01.15 "Ф.И.Л.И.Н". 02.05 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.50 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 03.50 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.30 «Айна-online». 07.30 Скетчком Q-елі. 08.30 «Құтты қонақ». 09.00 «Удивительные люди». 11.00 «Куба». 13.00 «Серт пен сезім». 15.00 «Құтты қонақ». 15.30 «НяняMan». 16.00 «Крепостная». 17.00 «Психологини». 18.20 «Хорошие руки». 19.20 «Куба.Личное дело». 21.00 «НяняMan». 21.30 «ИзолӘция». 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Хорошие руки». 01.00 «Крепостная». 02.00 «Психологини». 03.00 Скетчком Q-елі. 03.30 «Ұлы Дала жанұясы». 04.30 «Айна-online». 05.00 «Жеңіп көр».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 17:00 Кел татуласайық. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайық. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:40 «Армагеддон». 08:50 Информбюро. 09:50 «Экстрасенсы детективы». 11:00 «Ананди». 12:30 «Күн әміршісі». 14:10 «Восьмидесятые». 15:20 «Экстрасенсы детективы». 16:30 «Такси». 17:00 «What's Up?» 18:10 «Большой папа». 20:00 Информбюро. 21:00 «Повелитель солнца». 22:20 «Чужой». 23:30 «Ананди». 01:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## BEISENBI
## 6 MAMYR

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ұлы дала дүбірі». 6:25 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 AQPARAT. 13:10 «Ахмет Ясауи». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир. 15:00 «Қымбат жандар». 16:00 «Ауылдастар». 16:30 «ТҰЛҒА». 17:00 AQPARAT. 17:20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». 22:30 «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ». 23:20 «Тәуіп Хо Жун». 0:15 AQPARAT. 0:50 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасы. 1/2 финал. «РОМА» (Италия) – «МАНЧЕСТЕР ЮНАЙТЕД» (Англия). Тікелей эфир.

**ХАБАР**

6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 10:15 «Қолда я жолда». 12:15 «Дала қырандары». 13:15 «Егіз жүрек». 15:00 «Бүгін». Тікелей эфир. 16:00 «Асыл қазына». 17:00 «Отчий берег». 18:00 «Мерзлая земля». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Біздің назарда». 20:50 «Індетпен күрескен Қазақстан». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда». 23:30 «Офицерские жены». 0:30 «Остаться в живых». 1:30 «Әсем әуен»..

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 7:30 Союзмультфильм. 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «30 лет Независимости». 14:05 «Маша и медведь». 14:50 «Интерны». 15:30 «Үздік әзілдер». 16:30 «Ханзада Жумонг». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Алмасай». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.35 "НАШЕ ГЛАВНОЕ ДОСТОЯНИЕ". 07.45 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 08.40 "УЛЫ ТАМШЫЛАР". 09.50 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 10.10 НОВОСТИ. 10.50 "БЫЛО ДЕЛО". 12.30 "ЧУМА". 14.10 "ЕСЛИ ТЫ МЕНЯ ПРОСТИШЬ". 16.10 "Ф.И.Л.И.Н". 18.00 "АМАНАТ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "ЕСЛИ ТЫ МЕНЯ ПРОСТИШЬ". 23.35 "ЧУМА". 01.15 "Ф.И.Л.И.Н". 02.05 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ". 02.50 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 03.50 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.30 «Айна-online». 07.30 Скетчком Q-елі. 08.30 «Құтты қонақ». 09.00 «Удивительные люди». 11.00 «Куба. Личное дело». 13.00 «Серт пен сезім». 15.00 «Құтты қонақ». 15.30 «НяняMan». 16.00 «Крепостная». 17.00 «Психологини». 18.20 «Хорошие руки». 19.20 «Куба.Личное дело». 21.00 «НяняMan». 21.30 «ИзолӘция». 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Хорошие руки». 01.00 «Крепостная». 02.00 «Психологини». 03.00 Скетчком Q-елі. 03.30 «Ұлы Дала жанұясы». 04.30 «Айна-online». 05.00 «Жеңіп көр».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 17:00 Кел татуласайық. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайық. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:40 «Армагеддон». 07:50 Информбюро. 09:00 «Большой папа». 11:00 «Ананди». 12:30 «Күн әміршісі». 14:10 «Восьмидесятые». 15:20 «Экстрасенсы детективы». 16:30 «Такси». 17:00 «What's Up?» 18:00 «Робинзоны из Беверли Хиллз». 19:50 «Сөздің шыны керек». 20:00 Информбюро. 21:00 «Повелитель солнца». 22:20 «Чужой». 23:30 «Ананди». 01:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио..

## JUMA
## 7 MAMYR

**QAZAQSTAN**

**ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ**

6:05 «Ұлы дала дүбірі». 6:25 AQPARAT. 7:00 «Ұлттық шоу». 7:50 «Жақсылық». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Қазақтың жігіттері». 14:00 «ҚАЗАҚ ӘСКЕРІ». 14:30 «Әзіл әлемі». 15:50 «Анамды іздеймін». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 «АЙБЫНДЫ АРМИЯҒА АРНАУ». 21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». 22:30 «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ». 23:20 «Тәуіп Хо Жун». 0:20 «PARASAT MAIDANY». 0:50 «Айбынды армияға арнау». 1:55 «Қазақ әскері». 2:25 «Ұлттық шоу».

**ХАБАР**

6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 10:45 Концерт. «Тәуелсіз елдің қалқаны». 12:15 «Дала қырандары». 13:30 «Спасите наши души». 15:45 Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің мерекелік концерті. 17:00 «Отчий берег». 20:00 Димаш Құдайбергеннің мемлекеттік Кремль сарайында өткен жеке концерті. 22:00 «Композитор». 23:45 Международный турнир по ММА. AMC Fight Night-101.

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 7:30 Союзмультфильм. 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «30 лет Независимости». 14:05 «Өмір – дастан». 14:25 «Маша и медведь». 14:50 «В поисках приключений». 17:00 «Үздік әзілдер». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 Үздік әндер. 20:55 Loto 5/36. Прямой эфир. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 Үздік әндер. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Алмасай». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей»..

**КТК**

07.05 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 07.50 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 08.50 "УЛЫ ТАМШЫЛАР". 10.30 "ЗАКОН СОХРАНЕНИЯ ЛЮБВИ". 12.30 "ЧУМА". 14.10 "ЕСЛИ ТЫ МЕНЯ ПРОСТИШЬ". 16.10 "Ф.И.Л.И.Н".18.00 "АМАНАТ". 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "КТКweb". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "ОТПУСК ЗА ПЕРИОД СЛУЖБЫ". 01.15 "Ф.И.Л.И.Н". 02.05 "КТКweb". 02.50 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ".03.50 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ". 04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**

06.00 «Қуырдақ». 06.30 «Айна-online». 07.30 Скетчком Q-елі. 08.30 «Құтты қонақ». 09.00 «Удивительные люди». 11.00 «Куба.Личное дело». 13.00 «Серт пен сезім». 15.00 «Құтты қонақ». 15.30 «НяняMan». 16.00 «Орёл и решка». 17.00 «Психологини». 17.25 Шоу «Маска». 20.45 JAIDARMAN CUP. 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Шпион». 02.00 «Психологини». 03.00 Скетчком Q-елі. 03.30 «Ұлы Дала жанұясы». 04.30 «Айна-online». 05.10 «Жеңіп көр».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:30 Мультфильм. 12:00 Информационный блок. 12:20 Фильм. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Мультфильм. 17:05 Фильм. 18:00 Передача. 18:20 Информационный блок. 18:30 Фильм. 20:00 Передача. 20:20 Информационный блок. 20:30 Фильм. 22:00 Информационный блок. 22:10 Фильм. 23:40 Информационный блок.

**31 АРНА**

06:00 Ризамын. 06:40 «Армагеддон». 07:40 «Сөздің шыны керек». 07:50 Информбюро. 09:00 Концерт «Ерекше шоу.Еркек үйдін еркесі». 11:00 «Ананди». 12:30 «Күн әміршісі». 14:10 «Робинзоны из Беверли Хиллз». 16:20 «От винта». 18:20 «Три богатыря и Шамаханская царица». 19:50 «Последние рыцари». 22:10 «Титан». 00:10 «Ананди». 01:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## SENBI
## 8 MAMYR

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ұлы дала дүбірі». 6:30 «Ғасырлар үні». 7:00 «Анамды іздеймін». 9:00 «Айбынды армияға арнау». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ». 13:20 Қуандық Рахымның концерті. 15:30 Дисней ұсынады: «Көліктер-3». М/ф. 17:00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 22:00 «Айтыс». 22:30 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 22:45 «МЫҢ АЙДАН ДА ҚАЙЫРЛЫ ҚАДІР ТҮНІ». Тікелей эфир. 4:05 «Мұнаралы Елорда». ».

**ХАБАР**

6:00 «Олжалы отбасы». 6:30 Мультфильм. «Ордабасы - бірлік туы», «Көне құмыраның сыры», «Бәйдібек би». 7:30 «Өзін-өзі тану». 7:40 «Ана туралы баллада». 8:15 «Шестой пост». 10:00 «Tangy fresh». 11:00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Нұркен Әбдіров. 12:00 «Песнь о Маншук». 13:30 «Спасите наши души». 15:30 «Бауыржан Момышұлы». 16:15 «Маска». 18:00 «Алтыбақан». 19:15 «Композитор». 21:00 «7 күн». 22:00 «Сестренка». 0:00 «Әсем әуен». 1:00 «Әзіл кеші».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «Қазақстандықтар - Кеңес Одағының батырлары». 14:20 «Операция «Ы» и другие приключения Шурика». 16:20 «Казахстанцы - Герои Советского Союза». 16:40 «Алдараспан». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 Үздік әндер. 20:25 «100 сұхбат». 20:55 Loto 6/49. Прямой эфир. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Такси 3». 2:20 «Azil keshi». 3:20 Той жыры. 3:50 «KazNet». 4:10 «Үздік әзілдер». 5:00 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН". 07.20 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ". 08.10 "ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫ". 08.35 "БАСТЫ РӨЛДЕ.". 09.00 "КТКweb". 09.30 "ТРАНСПЛАНТАЦИЯ - ШАНС НА ЖИЗНЬ". 10.00 "СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ". 11.50 "ОТПУСК ЗА ПЕРИОД СЛУЖБЫ". 15.30 "КӨКЕКТІҢ ҰЯСЫ". 18.00 "ӨМІР-ӨЗЕН", Ұлықпан Жолдасовтың ән-шашуы. 21.00 "НАРУШАЯ ПРАВИЛА". 01.00 "Ф.И.Л.И.Н". 02.30 "ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ", к/ф. 04.10-05.30 "КӨКЕКТІҢ ҰЯСЫ".

**7-АРНА**

06.00 «Гу-гулет». 06.30 «Айна-online». 07.30 Скетчком Q-елі. 08.30 «Япырай». 09.00 «Шпион». 11.15 «А зори здесь тихие». 15.00 Концерт. 16.30 «НяняMan». 18.45 «JAIDARMAN CUP». 20.00 «Зыңзың Күлпәш». 20.45 Шоу «Маска»Второй сезон. 23.50 «Песня имен». 02.00 Скетчком Q-елі. 03.30 «Япырай». 04.00 «Гу-гулет». 05.00 «Айна-online». 05.30 «Қуырдақ».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:30 Готовим с Адель. 10:05 Мультфильм. 12:00 Информационный блок. 12:20 Фильм. 13:40 What*s Up? 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Фильм. 17:05 Фильм. 18:00 Передача. 18:20 Информационный блок. 18:30 Фильм. 20:00 Передача. .20:20 Информационный блок. 20:30 Фильм. 22:00 Информационный блок. 22:10 Фильм. 23:40 Информационный блок..

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:30 «Армагеддон». 08:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 09:30 «Готовим с Адель». 10:00 «Bala Battle». 10:40 «Тәтті шоу». 12:10 «От винта». 14:20 «Два хвоста». 16:20 «Три богатыря и Шамаханская царица». 18:10 «Три богатыря: На дальних берегах». 19:30 «Слепая ярость». 21:10 «Полный Блэкаут». 22:00 «Неге?» 23:20 «Музықалық сағат». 00:50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## JEKSENBI
## 9 MAMYR

**QAZAQSTAN**

**ЖЕҢІС КҮНІ**

6:05 «Ұлы жеңіске Қазақстанның қосқан үлесі». 6:30 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 7:10 «Ұлы жеңіс - ұрпаққа аманат». 8:00 «AQSAUYT». 8:25 «Мәншүк туралы дастан». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Егіз лебіз». 14:15 «Әзіл әлемі». 15:40 «Анаға апарар жол». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 «ҚАҺАРЛЫ КҮНДЕР». 20:35 «ТАУСЫЛМАС ТАҒЗЫМ». 22:00 «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ». 0:00 «Ақиқат пен аңыз». 1:15 «Қаһарлы күндер». 1:45 «Ұлы жеңіс - ұрпаққа аманат». 2:10 «Aqsaýyt». 2:30 «Ауылдастар».

**ХАБАР**

6:00 «Олжалы отбасы». 6:30 Мультфильм. «Күш атасы - Қажымұқан», «Отырарды қорғау». 7:30 «Самопознание». 7:40 «Әлия». 8:15 «Шестой пост». 10:30 «Сенат аксакалов». 11:00 «Тайны. Судьбы. Имена». Бауыржан Момышұлы. 12:00 «В бой идут одни «старики»». 13:30 «Спасите наши души». 15:30 «Бауыржан Момышулы». 16:15 «Ер есімі - ел есінде» атты мерекелік концерт. 17:45 «Сестренка». 19:15 «Маска». 21:00 «7 күн». 22:00 «Т-34». 1:00 «Әзіл кеші».

**АСТАНА**

6:00 Қаламгер. 6:30 «Үздік әзілдер». 7:30 «Операция «Ы» и другие приключения Шурика». 9:00 «Маша и медведь». 10:00 TeleBingo. Прямой эфир. 10:25 «Тұмарым». 12:00 «Қызым». 13:00 «Қайсар ханша». 14:30 «Қазақстандықтар - Кеңес Одағының батырлары». 14:50 «Такси 3». 16:50 «Казахстанцы - Герои Советского Союза». 17:10 «Алдараспан». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 Үздік әндер. 20:45 Аялы алақан. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Bas times». 1:30 «Астана кеші көңілді». 3:30 «KazNet». 3:50 «Әзілстан». 4:10 «Ән мен әзіл». 5:10 «Үздік әзілдер».

**КТК**

07.05 "ӨМІР-ӨЗЕН", ӘН-ШАШУ. 09.30 "СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ". 11.40 "НАРУШАЯ ПРАВИЛА". 15.30 "КӨКЕКТІҢ ҰЯСЫ". 18.50 "ӘН МЕН ӘНШІ". 21.00 "ЧЕРЕЗ БЕДЫ И ПЕЧАЛИ". 00.30 "Ф.И.Л.И.Н". 02.00 "ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ЖІГІТТЕР". 03.20-05.30 "КӨКЕКТІҢ ҰЯСЫ".

**7-АРНА**

06.00 «Гу-гулет». 06.30 «Айна-online». 07.30 Скетчком Q-елі. 08.30 «Япырай». 08.45 «Место встречи изменить нельзя». 15.00 «От пен су». 17.30 «Suikimdi stories». 19.00 «ИзолӘция». 21.00 «Мы из будущего». 23.30 «Сталинград». 02.00 «Suikimdi stories». 03.30 «Япырай». 04.00 «Гу-гулет». 05.00 «Айна-online». 05.30 «Қуырдақ».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:30 Готовим с Адель. 10:00 Детская передача.10:20 Информационный блок. 10:30 Мультфильм. 12:10 Фильм. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:40 Мультфильм. 18:00 Передача. 18:20 Информационный блок. 18:30 Фильм. 20:00 Передача. 20:20 Информационный блок. 20:30 Фильм. 22:00 Информационный блок. 22:10 Фильм. 23:40 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 07:20 «Армагеддон». 08:20 «What's Up?» 08:50 «Bala Battle». 09:30 «Готовим с Адель». 10:00 Мульт «Тимон и Пумба». 12:10 «Питер Пэн: В поисках магической книги». 14:10 «Три богатыря: На дальних берегах». 15:50 «Три богатыря: Ход конем». 17:30 «Последние рыцари». 19:50 «Титан». 21:50 «Паранойя». 00:00 «Полный Блэкаут». 01:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

# Рухия ДОСМАҒАНБЕТОВА



Жезқазған өңірінің ұлағатты ұстазы, Еңбек ардагері, білім беруді дамытуға зор үлес қосқан **Рухия ДОСМАҒАНБЕТОВА** 1929 жылдың 4 қаңтарында Ұлытау ауданы, Сарыкеңгір ауылында дүниеге келіп, өзінің саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған асыл жан.

1945 жылы алғашқы еңбек жолын Рудник кентіндегі №29 бастауыш мектепте мұғалім болып бастаған.

Рухия апа ұстаздықтан бөлек, қоғам ісіне де белсене араласқан. 1957 жылы Қарағанды облысы, Жезқазған қаласының екінші бөлімі бойынша «Халық сотының заседателі» болып сайланса, 1959 жылы «Жезқазған қалалық Кеңесінің» депутатығына сайланды.

1960 жылы Жезқазған қаласындағы №8 қазақ орта мектебіне ауысқан Рухия апамыз еңбегінің зейнетін көрер шаққа жеткенге дейін осы қарашаңыраққа бастауыш сынып оқушыларын білім нәрімен сусындатты.

Өскелең жас ұрпаққа берген сапалы білімі мен саналы тәрбиесі, көпжылдық мінсіз әрі адал қызметіндегі еңбегі лайықты бағаланған ұлағатты ұстаз әр жылдары мемлекеттік наградалармен, алғыс хаттармен және құрмет грамоталарымен марапатталған. Бойындағы мейірімділік, жомарттық, кішіпейілділік, өз ісіне деген адалдық қасиеттерімен әріптестері арасында да ұжым мен шәкірттері, ата-аналар арасында үлкен құрметке ие болып, абырой биігінен көрінді.

Өнегелі ғұмыр кешіп, соңында жүздеген білікті шәкірттері мен тәрбиелі ұрпақ қалдырған өнегелі отбасының иесі, аяулы ана, немерелерінің асыл әжесі, зерделі ұстаз Рухия Досмағанбетова апамыздың жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Жезқазған аймағының білім және ғылым қызметкерлерінің атынан өңіріміздің белгілі де білгір ұстазы Рухия Досмағанбетова апамыздың өмірден озуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын, нұры пейіште шалқығай.

**Марат ҚОҢЫРБАЕВ,**
**«Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы**

# ҰЛАҒАТПЕН ӨМІРІН ӨРНЕКТЕГЕН



**Рухия ДОСМАҒАНБЕТОВАНЫҢ** есімі аймақ жұртшылығына етене таныс. Ол саналы ғұмырын білім беру саласына арнап, бала жанының бағбаны атанды. Рухия апаның ұлағатқа толы ұстаздық жолы кейінгі толқын мұғалімдерге үлгі-өнеге.

2021 жылдың 22 сәуірінде Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Сарыкеңгір ауылының тумасы, бар ғұмырын педагогтық қызметке арнаған білікті ұстаз, барша жанға қамқоршы бола білген Рухия Досмағанбетова 92 жастан асқан шағында өмірден озды. Ол 1948 жылы Қарағанды қаласындағы педагогикалық училищені сырттай оқып бітіріп, еңбек жолын Рудник кентіндегі №29 бастауыш мектептен бастап, 1960 жылдан №8 қазақ орта мектебінде жалғастырған. Зейнетке шыққанға дейін осы мектепте бастауыш сыныптың ұстазы болып қызмет етті. Бірнеше жыл мұғалімдік қызметте табысты еңбек етіп, бүгінде ел ішінде түрлі салада еңбек етіп жүрген шәкірттер тәрбиеледі. Рухия апайдың рухани жан дүниесі таза, адамға деген мейірімі мол жан еді. 1959 жылы «Жезқазған қалалық Советінің» депутаты болып сайланса, 1957 жылы Қарағанды облысы, Жезқазған қаласының екінші бөлімі бойынша «Халық сотының заседателі» болып сайланған болатын. Рухия Досмағанбетова апай «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогімен, «За доблестный труд в Великой Отечественной войне», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жыл құрметіне», «Соғыс ардагері» белгісіне ие болды, 1960-1979 жылдар аралығында «Медаль материнства», «Материнская слава », «Ветеран труда» ордендерімен марапатталған болатын. Бұл марапаттар ұстаздың ұшан-теңіз еңбегінің жемісі еді. 2010 жылы «Күміс алқа» иегері атанған болатын. Рухия ұстаздың балаларының бәрі – жоғары білімді, Қазақстанның түпкір-түпкірінде еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосу үшін еңбек етіп жүрген азаматтар.

Саналы ғұмырын шәкірттердің сапалы білімі мен саналы тәрбиесіне арнап, артынан өлмейтұғын із қалдырған Рухия Досмағанбетова ұстаздың өнегелі өмірі, өлшеусіз еңбегі мен жарқын бейнесі жадымызда мәңгілік сақталады.

Гимназия ұжымының атынан марқұмның туған-туыстарына, бауырларына орны толмас қайғыға ортақтасып көңіл айтамыз.

Топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннәтта, рухыңыз пейіште болсын, қадірлі Ұстаз!

**Жезқазған қаласы**
**№8 гимназия ұжымы**

## ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

# БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – АТА-АНА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

***Балалардың терезеден құлауының бірден-бір себебі – ересектердің салғырттығы. Көбінесе терезеден екі жастан төрт жасқа дейінгі балалар құлайды. 30% жағдайда бұл ата-аналардың көз алдында, 70% -ы алғашқы 15 минут ішінде бала қараусыз қалғаннан кейін болады. Балалар ата-аналарының көз алдында үштен бір жағдайда терезеден құлап кетеді.***

2021 жылдың басынан бері Қарағанды облысының аумағында балалардың терезеден құлап кетуінің үш оқиғасы тіркелді.

Барлық жағдайлар бойынша түрлі жарақаттармен балалар ауруханаға жатқызылды.

Қалыптасқан теріс үрдістің негізгі факторларының бірі, москит торларының жабық терезе түрінде көрінуі. Осының нәтижесінде ата-анасының қарауынсыз қалған жас балалар, қауіпке ұшырайды.

Жоғарыда аталғандардың барлығын ескере отырып және жазатайым терезеден құлап қалу оқиғаларын алдын алу мақсатында Жезқазған қаласының ТЖ басқармасы кеңес береді:

1. Кішкентай балаларды жалғыз қалдырмаңыз, өйткені құлау жағдайларының көпшілігі ата-аналар балаларын қараусыз қалдырған кезде болады.
2. Терезе алдына бала көтеріле алмайтындай етіп жиһаздың барлық түрлерін терезеден алыстатыңыз.
3. Ешқашан москит торларына сенбеңіз! Олар құлаудан қорғауға арналмаған! Керісінше, москит торы трагедияға ықпал етеді, өйткені бала өзін қауіпсіз сезінеді және терезе сияқты оған сүйенеді. Көбінесе балалар торлармен бірге құлап кетеді.
4. Терезені бірнеше сантиметрден артық ашқызбайтын, баланың құлап кетуіне мүмкіндік бермейтін, терезелерге арнайы қысқыштарды қойыңыз.
5. Егер сіз балаға терезеден бірдеңе көрсетсеңіз әрқашан мықтап бекітіңіз, баланың жылдам қимылына дайын болыңыз, алақаныңызды құрғақ ұстаңыз, баланы киімнен ұстамаңыз.
6. Егер сізде дәл қазір терезені құлыптау мүмкіндігі немесе сақтандыру құрылғысы болмаса, терезе тұтқасын оңай бұрап алуға болады, оны қажет болған жағдайда қолданыңыз және қолданғаннан кейін бірден алып тастаңыз.

**Жезқазған қаласының төтенше жағдайлар басқармасы**

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының Саяси кеңесі, аппараты, фракция депутаттары «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бауыржан Қабденұлы Шыңғысовқа анасы
**Рухия ДОСМАҒАНБЕТОВАНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жезқазған қаласының әкімдігі «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жанындағы «Нұр Отан» партиясының Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Қабденұлы Шыңғысовқа, туыс-туғандарына анасы
**Рухия ДОСМАҒАНБЕТОВАНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады

«Жезқазған қаласы білім бөлімі №8 гимназиясы» КММ ұжымы саналы ғұмырын шәкірттердің сапалы білімі мен саналы тәрбиесіне арнап, артынан өлмейтұғын із қалдырған
**Рухия ДОСМАҒАНБЕТОВАНЫҢ**
дүниеден өтуіне байланысты марқұмның туған-туыстарына, бауырларына орны толмас қайғыға ортақтасып көңіл айтады.

«Дидар» телерадио хабарларын тарату дирекциясы ұжымы «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Қабденұлы Шыңғысовқа анасы
**Рухия ДОСМАҒАНБЕТОВАНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің редакция ұжымы Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Қабденұлы Шыңғысовқа анасы
**Рухия ДОСМАҒАНБЕТОВАНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

**БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.**

**Меншік иесі:**
**«САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Бас редактордың м.а.**
**Диана Алпысбайқызы ОРАЗАЛИНА**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Қарағанды қаласында «Типография «Арко» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2000. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №16. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА.

Ⓐ – материал ақылы.

**100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsApp +7 708 420 19 88**
**Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.**

ПАРАСАТ ЖОЛЫ

# ТАҒДЫРЛЫ ТҰЛҒА

***Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Кеңгір селолық №5 үлгілі кітапхана-филиалының ұйымдастыруымен «Парасат жолы» бұрышы ашылды. «Парасат жолы» жобасының жас ұрпаққа тәрбие берудегі рөлі ерекше екені айтпаса да түсінікті.***




Ақындар мен жазушылардың және өнер адамдарының, әр түрлі сала мамандарының өмірдегі парасатты жолы, ұлағатты істері, жасампаздық өнегесі осы «Парасат жолы» бұрышынан көрініс табады. Сондай үлгілі іс-шараның бірі Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, дарабоз жазушы Қабдеш Жұмаділовтің 85 жылдығына орай өткізілген сұхбат түріндегі шараны айтуға болады. Бұл шараға кітапхананың тұрақты оқырмандары, Кеңгір селолық мәдениет үйінің меңгерушісі Кәдікен Мағзұмов пен №2 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиет пәнінің ұстазы Эльмира Боранбаева қатысты. Олар дарабоз жазушы Қ. Жұмаділовтің өмір жолы мен шығармашылығы туралы сұрақтар бойынша жауап беріп, өз ойларын ортаға салды. К.Мағзұмов «Дарабоз» романы туралы көп мағлұмат берді. Романдағы Қаракерей Қабанбайдың ерлік істері, бас қолбасшылық ұрыс қимылдарына тоқталып, ол шығармалардың орыс, өзбек, украин, белорусь тілдеріне аударылғаны жайлы баяндады.

Э. Боранбаева жазушының дүниеге келген кезі, тұрған жері туралы, алғашқы оқыған мектептері жайында Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып, Шыңжаң өлкесіндегі газет, журналдарда тұңғыш өлеңі мен әңгімелері жарық көргендігі жайлы және жазушы болып қалыптасқандығын сұхбат барысында толық жеткізді. Жалпы алғанда, қалың оқырманға да кітапханашыларға да осындай іс-шаралар қажет.

**Назира СМАҒҰЛОВА,**
**№ 5 үлгілі кітапхана-филиалының меңгерушісі**

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

# COVID және ЖҮКТІЛІК

***Бүгінгі таңдағы емі табылмай тұрған қауіпті аурулардың бірі – коронавирус. Аталған ауру, әсіресе, аяғы ауыр әйелдер үшін аса қауіпті. Себебі жүкті әйелдердің иммунитеті төмендеп, ауру-сырқауды қабылдауы жоғарылайды.***

Әйел адамда ЖРВИ, тұмау белгілері пайда болса, бірден дәрігер көмегіне жүгінуі тиіс. Ауруды дер кезінде анықтау, оны асқындырып алмау мен емдеуде аса маңызға ие.

**Егер де жүкті әйелде коронавирус анықталса, не істеу қажет?**

Біріншіден, үрейленбеңіз. Коронавирустық инфекция расталған кезде, ауруханаға жатқызу қажеттілігі клиникалық белгілері бойынша бағаланады: егер пневмония болмаса, ауруханаға жатқызу қажет емес, ондай жағдайда өзгелерден оқшауланған дұрыс. Қазіргі уақытта COVID-19 вирусының тігінен таралу қаупі туралы ақпарат жоқ, яғни анасынан ұрыққа жұғу мүмкіндігі туралы нақты расталған деректер жоқ. Бүгінге дейін анасы коронавируспен ауырған нәрестелердің 99%-ының дені сау болып дүниеге келуде.

Егер болашақ ананың тыныс алуы қиындаса, дереу ауруханаға жеткізілуі қажет. Ана денсаулығына қауіп жоғарыласа, жүктілік мерзімі 28 аптадан асқан жағдайда кесартілігін жасауға болады. Дегенмен, қазірге дейін короновирусқа шалдыққан аналардың жүктілігін тоқтату үдерісі сирек кездеседі.

Аталған аурудың алдын алу мақсатында болашақ ана әрдайым сақтық ережелерін қатаң ұстануы қажет. Маска тағып жүруді, әлеуметтік арақашықтықты сақтауды, адамдар көп жүретін жерлерге бармауды, салқыннан қорғануды ұмытпаңыз және әрдайым иммунитетті көтеретін дәрумендерге бай құнарлы өнімдерді пайдаланыңыз. Сонымен қатар таза ауада жиі серуендеуді дағдыға айналдырыңыз және стреске түсуден аулақ болғаныңыз абзал.

Құрметті ана, бала денінің саулығы сіздің жауапкершілігіңізде екенін ұмытпаңыз!

**Нұржамал БАЯНОВА,**
**«Мәкенбаева» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының акушер-гинекологі**

COVID-19

# QAZVAC – ӘЛЕМДІК ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ҚУАТТЫ ҚАРУ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВАКЦИНАНЫ КІМДЕР САЛДЫРДЫ?

Былтырдан бастап Қазақстан азаматтары өз еріктерімен отандық ғалымдар әзірлеген коронавирусқа қарсы вакцинаны тәжірибе ретінде салдырған еді. QazCovid-in қазақстандық вакцинасын ерікті ретінде былтыр ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов алған еді. Сонымен қатар 2020 жылы желтоқсан айында ҚР Президентінің көмекшісі Ерлан Карин отандық препаратты салдырды. Ал биыл 16 қаңтарда вакцинаның екінші дозасын ектірді.

Бұдан бөлек, өткен жылдың соңында Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевқа қазақстандық QazCovid-in вакцинасы егілді. Ал, 26 сәуірде халықты QazVac вакцинасымен егу ресми түрде басталды. Отандық препаратты алғашқылардың бірі болып Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой алды.

Еске сала кетейік, ақпан айында тәуекел тобын қоса алғанда түрлі жас санатындағы 3 мың еріктіге клиникалық сынақтың III сатысы өткізіліп жатқаны хабарланған еді. Бүгінге дейін қазақстандықтар коронавирусқа қарсы ресейлік «Спутник-V» вакцинасымен егілген болатын. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 26 сәуірге дейін барлығы 893 633 адам екпе салдырды.

## ТИІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының аса қауіпті індетті аурулар зертханасының меңгерушісі Лесбек Құтымбетов QazVac вакцинасының антиденені қалай қалыптастыратынын түсіндірді.

Бұл вакцина инактивтендірілген. Яғни, коронавирус вирусының тұтас вируонынан алынады. Бірінші кезекте аурудың қоздырғышын бөліп шығардық. Одан кейін инфекциялық вирустың белсенді үлкен биомассасын алу технологиясы дайындалды. Осыдан кейін химиялық инактивтендіру технологиясы жасалды. Яғни, вирустық массаны залалсыздандырдық. Бұдан кейін 3 кезеңде жоғары деңгейде тазарттық. Бұл вирустық массаның ағза жұмысына кедергі келтірмеуі үшін керек. Екінші жағынан аса қауіпсіз вакцина жасау керек еді. Барлық тазарту жұмыстары біткен кезде химиялық жолмен жансыздандырылған бөлшек қалады. Ол арнайы адъювантпен араласып, ағзадағы иммундық жүйені жандандырады. Вакцинаның құрылымы осылай қалыптасады, – деді зертхана басшысы Zoom платформасында өткен бейнедәрісте.

Маман отандық вакцина жасауға қолданылған технология жылдар бойы сынақтардан өтіп, әбден пысықталғанын еске салды.




Тек бізде ғана емес, әлемнің көптеген елінде вакцина дайындауға қолданылады. Бұл типтегі вакциналар ағза үшін барынша қауіпсіз болып саналады. Сондықтан бұл вакцина ағзаға қандай да бір қауіп төндірмейтінін айтқым келеді. Вакцинамыз тұтас вируоннан жасалды дедім ғой. Яғни, кәдімгі вирустың құрамындағы бөлшектердің бәрі өлтірілген күйде болады. Сондықтан иммундық жүйеге тұтас күйінде қолдау білдіреді. Осының арқасында қалыптасқан антидене де қуатты болады, – деді Лесбек Құтымбетов.

«QazVac» вакцинасы вирустың мутацияланған штамдарына да төтеп бере алады. Бұл туралы онлайн брифинг барысында ҚР клиникалық және іргелі медицина академигі, С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ эпидемиология кафедрасының профессоры Сәкен Әміреев айтты.

Инактивтендірілген вакцина толығымен вирионнан жасалған және онда ақуыздардың барлық спектрі сақталған, сондықтан кез келген мутация кезінде «QazVac» вакцинасынан кейін қалыптасқан антиденелер вирусты таниды, оны залалсыздандырады және жаңа вируспен кездесу жағдайында инфекция туралы ақпаратты сақтайды, – деп түсіндірді ол.

Қазақстан эпидемиологиясының негізін қалаушы Сәкен Әміреевтің айтуынша, отандық вакцина инактивацияланған, оның дозасы 0,5 мл/доза және бұлшықетке егіледі. Құрамында SARS-CoV-2 тазартылған инактивирленген тұтас вирионды штаммы бар. Мұндай вакциналар дене температурасын көтермейтін жеңіл асқынуларға ие. «Спутник-V» сияқты, ол да екі компонентті және 21 күндік интервалмен енгізіледі.

Осылайша Қазақстан COVID-19 індетіне қарсы вакцина шығарған он мемлекеттің және өз әзірлемелерін тіркеген бес елдің қатарына кірді. Бұл – отандық ғылым мен медицинаның ауыз толтырып айтуға болатын жетістігі.

**«Saryarqa-ақпарат»**

# ЖАСТАР ЖИТС ЖҰҚТЫРМАСЫН ДЕСЕК...

***«Дені саудың – жаны сау» демекші, денсаулығы аздың рухы әлсіз болатыны даусыз. Денсаулық Алла Тағаланың адамға берген аманаты, оған адам қиянат жасамай дұрыс бағалай білу қажет. Аумалы-төкпелі жастардың өмірінде жұқпалы аурулардың таралу қабілеттілігі басым. Оған себеп те жоқ емес. Тіпті көп. Маман ретінде солардың ең басты, жиі орын алатын жолдарына тоқталып, бетін қайтару мақсатында өз кеңестерімізді ұсынып отырмыз.***

Біз сақтандырып отырған тілсіз жаулардың санатындағы АИТВ (Адамның иммун тапшылығы вирусы) мен ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы) аса қауіпті. АИТВ жұқпасы созылмалы ауруға жатады. Бастапқы кезеңде ауру жасырын өтеді, сондықтан адам өзін сау сезінуі мүмкін және оны білмей басқа адамға жұқтыруы мүмкін. АИТВ жұқпасының клиникалық белгілері әр түрлі, ауру әрі қарай адамның иммунитеті мен денсаулығына байланысты өрбиді. Бастапқыда, вирусты жұқтырғаннан кейін 2-4 аптада, жедел жұқпалы аурудың белгілері – дене қызуы көтеріледі, баспа белгісі, бездер үлкейіп, іштің өтуі, денеде бөртпелер пайда болады, бас ауырып, құсады. Одан кейінгі кезең бірнеше айдан 3-5-10 жылға дейін созылып, аурудың жедел белгілері болмайды, бірақ бездердің үлкеюі тұрақты болып, созылмалы аурулары жиі асқынады. Бірте-бірте иммунитет төмендеуіне байланысты аурудың барлық белгілері ауырлап, аурудың соңғы сатысы – ЖИТС-ке ауысып, науқастың өлімімен аяқталады. АИТВ жұқпасын таратушы осы жұқпаны жұқтырған адам, ол аурудың барлық сатысында қауіпті болып табылады. Қазақстан Республикасында 2021 жылдың 1қаңтарына дейін 39644 жағдай тіркелген. Соның ішінде Жезқазған аймағына тиесілісі 93 жағдай. Уақыт өткен сайын АИТВ жұқтырғандар санының артып келе жатқандығын аңғартады. Ауруды жұқтырғандардың жас мөлшері 20-29 жас арасындағылар – 26,9 пайыз, 30-39 жас аралығындағылар 50,5 пайызын құрап отыр.

**АИТВ-ның берілу жолының үш түрі бар:**

**1. Парентералды жол.** Қан арқылы жұғады. Ине, ота жасайтын, сән құрылғылары арқылы да жұғуы мүмкін. АИТВ тасымалдаушылар арасындағы нашақорлар көптеген жағдайда мұндай топтарда есірткі көктамырға бір шприцпен жіберіледі, кейіннен ол бір нашақордан екіншісіне беріледі. Косметикалық процедура (маникюр, педикюр, пирсинг, тату, құлақ тесу) кезінде әрқашан зарарсыздандырылған, не бір рет қана қолданатын щприц және аспаптарды пайдалану қажет. Тату, құлақ тесу сияқты процедуралар арнайы кабинетте жасалу керек. Есірткіні тұтыну мен енгізуден аулақ болу. Татуировка, пирсинг, маникюр, педикюр жасатқан кезде өте сақ болу, инелердің залалсыздандырылуына айрықша мән беру. Шприцтерді, татуировка салатын, ортақ қырынатын, маникюрлік және басқа да жеке бастың гигиенасын сақтауға арналған құралдарды ортақ пайдалануды болдырмау.

**2. Жыныстық қатынас арқылы:** адамдар қарапайым сақтану шараларына немқұрайлы қарағандықтан АИТВ жұқтырады. Соңғы жылдары бұл сырқаттың жыныстық жолмен берілу үлесі артып отыр. Өкінішке орай, жұқпаның жыныстық жолмен таралуы бақылаусыз болып отыр. АИТВ-ның бұл жолмен таралуының алдын алудың жалғыз жолы- қауіпсіз мінез құлықты ұстану және жыныстық серіктестікпен өзара адалдықты сақтау. Ойланбай жасалған мінез-құлық әрекеттері күтпеген зардаптарға әкеледі.

**3. Анадан балаға берілуі:** егер анасында вирус болса, жүктілік және босанған кезде АИТВ анадан балаға жұғады. Анадан балаға тік жолымен берілуінің алдын алу мақсатында, республикада жүкті әйелдерді АИТВ-жұқпасына уақытылы тексеруден өткізу ұйымдастырылған.

АИТВ – сыртқы ортада тұрақсыз вирус – ағзадан тыс ортада тез жойылады. Індет тұрмыстық жолмен берілмейді. АИТВ жұқпасы ауа арқылы (жөтелгенде, түшкіргенде ), бассейнде және табиғи суда шомылғанда, ортақ әжетхананы және жуынатын бөлмені пайдаланғанда, ортақ ыдысты, асхана, төсек-орын жабдықтарын қолданғанда, құшақтасқанда, қол алысқанда, сүйіскенде, маса және басқа жәндіктер шаққанда, АИТВ жұқпасын жұқтырған адаммен бір үйде тұрғанда жұқпайды.

Жастардың өмірінің мәнді де мағыналы болуы үшін, салауатты өмір салтын ұстағандықтары жөн. Жаман әдеттерден аулақ болудың жолы – адам баласының өзін-өзі тәрбиелей білуі, өз денсаулығын қорғай білуі, адамдық қасиетін жоғалтпауы, жеке бас және қоғамдық тазалықты сақтауы, спортпен айналысуы, зиянды нәрселерден аулақ болу. Сөз соңында, жастар «Сақтансаң, сақтайды» деген халық даналығын естен шығармаса дейміз. Емі жоқ ЖИТС індеті жас та, жыныс та талғамайды.

**Гүлбаршын ӘЛИЕВА,**
**Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының «Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдына алу және күресу жөніндегі орталығы» КМК Жезқазған бөлімінің дәрігер-эпидемиологі**

# ВАКЦИНА ІНДЕТ ЖҰҚТЫРУ ҚАУПІН ТӨМЕНДЕТЕДІ

***Жалпы* COVID-19 *коронавирус инфекциясы – бұл коронавируспен қоздырылатын ауыр респираторлық инфекция. Жіті респираторлық вирустық инфекциясы – жеңіл түрде де, ауыр түрде де өту қаупі бар ауру.***



Оның ерекше асқынулары вирустық пневмония, жіті респираторлық дистресс-синдромға, тіпті өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. Аурудың ең көп тараған белгілеріне дене қызуы, шаршағыштық және құрғақ жөтел жатады. Вирус адамға тыныс алу жолдары арқылы кіреді. Ағзадағы тыныс алу және газ алмасу қызметін өкпе жүзеге асырады. Сырқаттың ауыр болған жағдайларында олар өзінің қызметі мен қанды оттегімен қанықтыру қызметін жоғалтып, функционалдық және құрылымдық өзгерістерге шалдығады, өкпе жасушаларын зақымдайды, тіпті осының салдарынан мүше толық істен шығуы мүмкін.

Вирустармен күресудің ең тиімді тәсілдерінің бірі вакцина екенін уақыт көрсетті. Бүгінге дейін вакцина арқылы адамзат баласы құрт ауруы, қызылша, қызамық, дифтерия, полиомиелит сияқты жұқпалы аурулардың таралуын тежей алды. Елімізде ақпан айынан бастап коронавирус вакцинасын егу науқаны басталды. Ресейлік «Спутник V» – коронавирустық инфекцияның алдын алуға арналған әлемде тіркелген алғашқы вакцина. Вакцина – екі компонентті, ол адамның аденовирус векторы негізінде әзірленген. Вакцинаны 21 күндік аралықпен екі кезеңмен енгізу керек. Бірінші доза антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс әсерін береді. Екінші доза біріншісінің әсерін күшейтеді және нығайтады, адам организміндегі антиденелер саны артады.

Адамның ағзасы кез келген вакцинаны енгізуде иммунитетті қалыптастырады, иммундаудан кейін дене қызуы аздап көтеріледі, егілген жер қызарып ісінуі мүмкін. Вакцинаны салмас бұрын адамның аллергиясы бар-жоғы анықталады. Егер ауыр аллергиялық сырқаты болса, вакцина салудан бас тартады. Бұл ретте аллергиялық реакцияны болжау мүмкін емес, себебі әрбір адамның ағзасы әр түрлі. Дер кезінде мән беру үшін вакциналаудан кейін 30 минут (медициналық мекемеде) дәрігердің бақылауында болуы керек: дәл осы аралықта вакцинаға аллергиялық реакция болуы мүмкін. Одан кейін 3 күн бойы тіркелген жері бойынша отбасылық дәрігерлердің бақылауына алынады. Вакцина алған әр адамның қолына вакцинаның ықтимал кері әсерлері көрсетілген және мұндай әсер орын алған жағдайда хабарласа алатын байланыс нөмірлері бар жадынама беріледі.

Екпе салған орнының қызаруы, ісінуі, қызуы болуы мүмкін. Кейде адамның денесі қалтырап, дене қызуы көтеріледі, өзін жайсыз сезінеді. Вакцина – адам ағзасына түскен бөгде компонент, ақуыз. Оған ағза жауап береді. Екпе салғаннан кейін дене қызуының көтерілгені дұрыс деп есептеледі. Демек, денеде толыққанды антиденелер қалыптасады.

Вакцина салдырған соң 6 айдан бір жылға дейін ол вирустан қорғайды. Кейін адам ағзасындағы антиденелер азаяды. Содан соң ағза қайтадан инфекцияларға сезімтал бола бастайды. Демек, тұмау сияқты коронавирус инфекциясына қарсы жыл сайын екпе алу қажет болады.

Жүкті әйелдерге, 18 жасқа дейінгі балалар, созылмалы ауруы бар адамға да екпе салынбайды. Өйткені, оларда иммунитет қалыптаспайды.

Екпе салдырғаннан кейін де адам сақтанып жүруі тиіс. Бейқамдыққа салынуға болмайды. Бетперде тағып, арақашықтықты сақтап, қолын үнемі сабындап жууы керек. Иммунитет қалыптасқанша да екпе қабылдаған әрбір адам өзін қорғауы керек. Иммунитет нығаюы үшін біраз уақыт қажет.

Бетперде тағу, әлеуметтік арақашықтықты сақтау және қолды жуу – бұл өмірдің нормасына айналды. Осы үш ережені сақтауды ұмытпау қажет.

**Анар ЖҮНІСОВА,**
**«Көшімбаева» отбасылық денсаулық орталығының медбибісі**

